# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

6+

№ 07 (492)
16 ақпан, 2023 жыл


*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
**Мағжан**



Айгүл ӨТКЕЛБАЕВА, №101 мектеп-лицейдің директоры:

## «ЖАСЫЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАСЫЛ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛҒАНЫН ҚАЛАДЫҚ»









**– Айгүл Алтынбекқызы, жыл басталғалы көп уақыт бола қойған жоқ. Әңгімемізді мектеп ордасында қолға алынған жаңа жобалардан бастасақ...**

– Мектепте 2019 жылдан бері бес бағыт бойынша «Жасыл мектеп» жобасы жүргізіліп келеді. Қазір жобаның аясын кеңейтіп, энергияны, суды үнемдеу, салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану, биоалуантүрлілік, тазалықты сақтау негіздеріне сүйене отырып, жеті бағытқа ауыстырдық. Бүгінде «экологияға деген жанашырлық, тазалықтың бәрі өзіңнен, үйіңнен басталады» деген ұранмен жұмыс жасаудамыз. «Жасыл мектеп» дегеніміз жылыжай баптап, гүл өсіру ғана емес. Мәселен, біздің мектептегі жылыжай ішінде қияр, қызанақ, болгар бұрышы, құлпынай егіледі. Бұл жердегі негізгі идея – оқушыларға егін ектіріп, кәсіп бастау емес, ғылыми жобаларға тәжірибе болсын әрі шәкірттерде дағды қалыптассын деген ой.

Осыған дейін елуге жуық оқушының ғылыми жұмысы жүлделі орынға ие болды. Биылғы «Зерде» ғылыми жобалар байқауында оқушылар 32 орынды қанжығасына байлады. Ал 8-11 сынып оқушылары биология, химия пәндері бойынша алда келеді. Мұның бәрі оқушылардың тәжірибені өз қолымен жасап, түсінгенінің нәтижесі. Осы орайда оқушылардың үздік жұмыстары есіме түсіп отыр. Мектепті екі жыл бұрын бітірген Елдос Төлепберген есімді оқушымыз болды. Ол үйіне түрлі өсімдіктер мен көкөністерді отырғызып, көшеттерді мектепке алып келетін. Ғылым мен білімге деген қызығушылығы жоғары шәкіртіміз – «Елбасы медалін» иеленген облыстағы алғашқы түлектердің бірі. Қазір мектепте Елдостың ізін жалғастырушы оқушылардың қатары көп. Былтыр Айару Бақытжан есімді оқушымыз эко-күнтізбе шығарып, көпшілікті тәнті етті. Эко-күнтізбенің ерекшелігі табиғатты қорғауға арналған халықаралық, мемлекеттік күндер арнайы белгіленген. Сондай-ақ күнтізбеде орналасқан QR-кодты сканерлеу арқылы оқушының мультипликациялық туындыларын көруге болады. Шәкіртіміздің бұл жобасы республикалық байқауда үздік деп танылды. Байқағаныңыздай, осындай қадамдар арқылы біз оқушыларға экологияны сақтау, табиғатты қорғау дағдысын қалыптастырудамыз. Тағы бір айта кетер жайт, экология термині тек табиғатқа қатысты айтылмайды. Бұл сөз адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынастың болуын да сипаттайды. Мектептегі ауқымды жоба адамдар арасындағы адамгершіліктен, ұлтжандылықтан бастау алып, Отанды сүюге, туған өлкені қадірлеуге ықпал етеді деп ойлаймыз.

**– «Жасыл мектеп» жобасы қалай қолға алынды?**

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасыл мемлекет», «Жасыл ел» тұжырымы жайлы айтқан тұста «жасыл мемлекет жасыл мектептен басталса» деген ой келді. Әрі қарай іздене келе, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің жаратылыстану ғылымдарының кандидаты Рахат Хамитұлымен бірлесе отырып, «Жасыл мектептің» тұжырымдамасын жасадық. Жан-жақты зерттеу нәтижесінде «Жасыл мектебі» дамыған мемлекет Беларусь екенін білдік. Өткен жылы мамыр айында облыстық білім басқармасының қолдауымен біз Беларусияға тағылымдамадан өтуге арнайы барып,«жасыл университет, жасыл колледж, жасыл балабақша, жасыл дәріхана» жобасымен танысып келдік. «Еуропаның өкпесі» саналатын Беларусия бізге бәрі бір шыбықтан басталатынын, көгалдандыру жұмысына көп көңіл бөлу керегін түсіндірді. Сол жақтағы мектеп-гимназиямен меморандумға отырып, бірнеше рет оқушылармен бірге эко-марафон жасадық. «Беларусия-Қазақстан» арасындағы бұл көпірге аудандардағы оқушыларды да әлеуметтік желі көмегімен қамтудамыз. Бұл жобалар болашақта жалғасын тауып, әлі де үлкен қадамдар жасайтынымызға сенемін. Айта кетейін, былтыр жоба аясында мектептегі жаратылыстану бағытындағы сынып бөлмелерін жаңаладық. Оған қоса оқушылар үшін «Өлкетану» кабинетін де дайындадық. Ол жерден аймақтағы құнды жәдігерлерді, құрқылтайдың ұясын, әртүрлі өсімдіктердің гербарийы сынды дүниелерді көруге болады. Қазір аймақтағы өзге мектептер де келіп, тәжірибе алмасып, «Өлкетану» кабинетін ашуға ниет білдіріп жатыр.

**– Жуырда облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет тәрбие жұмысын жандандыру керегін және тәрбие орталығын құруды ұсынды. Білім ордасында бұл бағыттағы шаралар қалай жүргізілуде?**

– Қазір мектепте ұлттық құндылықтарға, тәрбиеге сәйкес көбірек қозғалыс жасаудамыз. Жуырда ғана мектебімізде «Менің батырым, менің әкем, менің досым» атты сайыс өтті. Шара барысында әкелер мектебімізге келіп, отбасындағы тәрбиенің маңызды екенін тағы бір дәлелдеді. Одан бөлек 1 сыныптар арасында бірнеше күнге созылған отбасылық марафон жүргізілді. Ал көктемде халықаралық әйелдер күніне орай «Менің әжем» деген ауқымды шараны жоспарлаудамыз.

**– Биылғы мектеп бітіруші түлектердің білім бәсекесіне дайындығы қандай? Қабілетіне сай мамандық таңдауы үшін қандай жұмыстар жүргізілуде?**

– Кәсіби бағдар беру бойынша университетпен, колледждермен бірге ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мәселен, педагогика маманы болғысы келетін оқушылар мектепте тәлімгерлік жүргізе алады. Бұл балаларды көшбасшылыққа үйрететін жақсы мүмкіндік деп ойлаймын.

Қаңтардағы ҰБТ бойынша оқушылар жоғары нәтиже көрсететті. Былтыр Дәулет Омаров есімді оқушымыз физика-математика пәнін таңдап, ҰБТ-да облыс бойынша ең жоғары 137 балл жинады. Бұл нәтиже де мұғалімдердің біліктілігі мен сапалы білімнің көрсеткіші деп ойлаймын.

**– Мектеп орын тапшылығы бар білім беру орындарының қатарында. Бүгінде қосымша құрылыс жұмыстары қалай жүргізілуде?**

– Иә, қазіргі кезде мектеп жанынан 375 орындық үш қабатты құрылыс жұмысы жүргізілуде. Жаңа оқу жылынан бастап қолданысқа беріледі деп жоспарлануда. Сондықтан алдағы уақытта мектебімізде орын тапшылығы болмайтынына сенімдімін.

**– Білім саласында сізді қандай мәселе алаңдатады?**

– Мені адамдар арасындағы қарым-қатынастың аздығы ойландырады. Соңғы уақытта көршімен, туысқандармен араласу сиреп барады. Кезінде біз бір үйдің емес, бір ауылдың баласы болып өстік. Қазіргі балалар адамдармен емес, телефонмен байланыста болуды қалайды. Сол үшін балалардың, көршінің, ағайынның арасындағы қарым-қатынасты жандандыру керек тәрізді. Біздің ең басты құндылығымыз – қонақжайлылығымыз, жақынға деген жанашыр көңіліміз. Осындай жылы қарым-қатынасты балаларға үйреткім келеді.

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

**Әңгімелескен Гүлдана ЖҰМАДИН**

## ОҚИТЫН ҰЛТҚА АЙНАЛУ ҮШІН...

**«Журналистердің мәртебесін арттыру, сала мамандарын әлеуметтік қолдау, қауіпсіздігіне мән беру – басты назарда». Сыр өңіріне жұмыс сапармен келген ҚР Президентінің Кеңесшісі Мәлік Отарбаев БАҚ өкілдерімен кездесуде осындай ой айтты.**









Аймақтағы сапар аясында Мәлік Нұржанұлы бірқатар нысанның жұмысымен танысып, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесті.Аймақ басшысымен кездесуде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы, оның ішінде ақпараттық саясатты жүзеге асыру мен өзге де әлеуметтік мәселелер талқыланды.

Президент кеңесшісі аймақтағы басты медиахолдинг – «Сыр медиа» ЖШС жұмысымен танысып, БАҚ өкілдерімен кездескен болатын. Журналистермен елдегі саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың бағыт-бағдары туралы пікір алмасты.

Мемлекеттің дамуы жолында ақпарат алаңындағы мамандар елеулі еңбек етуде. Себебі БАҚ-та жарияланған әрбір ақпарат оқырманды жақсылыққа тәрбиелейді. Осындай орамды ойды негіз еткен Мәлік Нұржанұлы Мемлекет басшысының газет оқу, ағартушылық, тіл үйрену мәселесіне ерекше назар аударатынын баса айтты.

– Мемлекет басшысы орталық қана емес, өңірлік басылымдарды да қарап отырады. БАҚ қоғамды ізгілікке үндеп, Отансүйгіштікке баулиды. Келер ұрпақ үшін де газет-журналдың орны ерекше болатыны анық. Сондықтан басылымдардың ғұмыры ұзақ боларына сенім мол, – деді М.Отарбаев.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Серпер» сыйлығының лауреаты М.Отарбаев қазіргі жаһандану дәуірінде саналы ұрпақ тәрбиелеу, жастарды кітап оқуға ынталандыру, қоғамдық сананы дамыту бағытында ойларын ортаға салды.Заман талабына сай жастардың білім шыңдауы, NEET санатындағы жастармен жұмысты жүйелі жалғастыру, білімді ұлт қалыптастыру маңызды екенін алға тартты.

– Қазіргі бәсекелестік заманында жастардың нақты мақсаты болуы тиіс. Жастар қазір кітаптан алыстап барады. Керісінше, біз газет, кітап оқитын ұлтқа айналуымыз керек. Кітап оқыған жастар, азаматтар өз ұлтын сүйеді. Өмірге деген құштарлығы артады. Интеллектіміз өскенде біздің тұрмысымыз түзеліп, өндірісіміз де дамиды, – деді М.Отарбаев.

Әрі қарай Президент кеңесшісі Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасын аралап, шығармашылық және зиялы қауым өкілдерімен, Сыр жастарымен пікірлесті. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдарының ізденістерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын көріп, оқу орнының музейіне барды.

**Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ**

## «ӘР ҰШҚАН САЙЫН ТӘЖІРИБЕ ЖИНАЙМЫЗ»

**Бала күнінде ұшуды армандамаған бала кемде-кем. Бірақ өмірдің әр бағытына бет алған тұста бұл мамандыққа деген махаббат бәсеңдей түседі. Себебі аталған саланың болашақ маманға қояр талабы оңай емес. «Qazaq Air» компаниясының ұшқышы, жерлесіміз Қуаныш Наурызалиевтің айтуынша, олар тез шешім қабылдай білу қажет. Себебі әуе жолында әртүрлі жағдай болуы мүмкін. Ал адам өмірі үшін әр секунд маңызды.**



**– Қуаныш, әңгімемізді авиация саласына келген уақыттан бастайықшы. Ең алғаш көкке көтерілген сәт әлі де есіңізде болар... Қандай ұшақпен, қай кезде, қанша уақыт ұштыңыз?**

– Әр ұшқыштың бірінші рет көкке көтерілген сәті есте қалады. Мен ең алғаш рет Литваның Шедува ауылында екі адамдық ұшу жаттығуына арналған Cessna 150 ұшағымен жарты сағаттай ұштым. Естен кетпес, өте керемет әсер алдым.

**– Авиация саласына келмес бұрын түлектер үш деңгей бойынша сыналады екен. Осы жайында кеңірек айтып беріңізші... Студенттер үшін қай кезеңнен өту қиын соғады?**

– Студенттер үшін бұл саланың әр кезеңі ауыр. Сондықтан барлық сәтте еңбектену керек. Ең алдымен теория оқып, емтихан тапсыруды талап етеді. Одан кейін ұшу практикасын үйрену қажет. Сондай-ақ авиация саласына қажетті ағылшын тілін меңгеру керек. Ұшқыш болуға ұмтылған талапкер үшін соңғы кезең, жұмысқа орналасу уақыты – ең қиын, жауапты сәт деп ойлаймын. Өйткені бұл ортада бәсекелес көп. Қатарыңыздан алда болмасаңыз, жұмыс табу да қиын.

**– Осы салаға келген сәтте сізді не таң қалдырды? Авиацияның біз білмейтін беймәлім тұстарымен бөлісіңізші...**

– Бастапқыда мені ұшқыш пен борт-серікке алпыс күн еңбек демалысы берілетіні таң қалдырды. Көп жұмыс орнында еңбек демалысы 24 күн, бірақ экипаж мүшелері екі айға жуық демалыс ала алады. Бұл – жұмыстың ауырлығына, ұшу сағатының көптігіне орай берілетін мүмкіндік. Тағы бір айта кететін жайт, кейбір адамдар ұшақтағы турбуленттіліктен қорқады, алайда оған алаңдаудың қажеті жоқ. Турбуленттілік – ауа ағынының, желдің өзгеруінен туындайтын табиғи құбылыс. Кез келген ұшақ аталған жағдайға бейімделіп жасалған. Алайда борт-серіктер белдікті тағуды сұраса, немқұрайлы қарамаған жөн, себебі сіздің ұшақтағы қауіпсіздігіңіз маңызды.

**– Әуе жолында кәдімгі көлік жүретін көшелер тәрізді ұшақтың да өзіндік жолы болатыны айтылады. Осы жөнінде кеңірек айтып берсеңіз...**

– Иә, аспанда көптеген координатпен бекітілген нүктелер бар. Олардың әрқайсына бес әріптен тұратын атау беріледі. Борттағы компьютерге алдын ала бір нүктеден келесі нүктеге ұшу туралы ақпарат енгізіледі. Ол спутник көмегімен жүзеге асады.

**– Осы саладағы ережеге сүйенсек, бір ұшақты тізгіндеген адам екінші ұшаққа отыра алмайды. Өйткені екінші ұшақтағы жүйе мүлде басқа болады. Жалпы бір ұшақты толық меңгеру қанша уақытқа созылады? Өзге де ұшақтың тілін білу үшін арнайы курстан өту керек пе?**

– Ұшқыштар басқа ұшаққа ауысатын болса, арнайы Type rating курсынан өтеді. Ол – жаңа ұшақтың типін толыққанды оқу, яғни ұшқыш сол типті толық меңгеру керек. Бұл шамамен бір-екі айға созылады. Соңында алған білімі бойынша емтихан тапсырады.

**– Ұшқыштың шеберлігі оның дер кезінде шешім қабылдаған сәтімен және ұшу сағаты бойынша сыналады. Оқу орнында, тәжірибе алмасу барысында студенттерге қанша сағат ұшу міндеттеледі?**

– Негізінде біз әр ұшқан сайын тәжірибе жинаймыз. Себебі әр рейсте ауа-райы әртүрлі, әуежайлар да бір-біріне ұқсамайды. Ұшу аймағына байланысты ұшқыш жаңа дүниені үйреніп, өзіне сенімді бола бастайды. Студенттерге шамамен 200-250 сағат ұшу межесі беріледі.

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

**Сұхбаттасқан А.БАТЫРБЕКҚЫЗЫ**



# ҚҰРЛЫҚ АСЫП ҚҰЛПЫНАЙ ТЕРІП, ШЕТЕЛ БАРЫП ҚҰРЫЛЫС ІСТЕЙТІН КІМ?

Статистикадан бастайық. Мәліметтерге сүйенсек, 29 жасқа дейінгі қазақстандық жастардың 45 пайызы шетелге құмар. Оқу, саяхат, жұмыс, кәсіп. Әйтеуір, жақсының бәрін сыртта деп ұғып, мүмкіндікті шетелден іздеуде. Жұмыстың түрін талғамай, тәулік бойы еңбек етуге итермелеген де жақсы өмір сүруге деген құлшыныстан туғаны анық. Алайда шетел асқан кей жастың арасында мамандығына сай емес, қол еңбегін қажет ететін қара жұмысқа жегіліп жатқаны қынжылтады. Ал Түркия, Канада, Германия, Қытай елдерінде тұрақты тұрып қалуға ниетті жастардың үлес салмағы 15 пайызды көрсетеді екен. Әсіресе, Оңтүстік Корея мен Ұлыбританияда бақшалық ісіне жәрдемдесу, құрылыс жүргізу, жүк тасушы жұмыстарда қазақтардың үлесі мол. Тіпті, 5-10 жыл бойы еңбек етіп, түрлі кәсіптің сырын үйренгендер де бар.

### ҰЛЫБРИТАНИЯ ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙ МЕ?

Бұрын елдегі жастың көбі жұмыс істеу үшін ТМД мемлекеттеріне барса, қазір құрлық асып АҚШ-қа бет түзейді немесе, Ұлыбританияда маусымдық жұмысқа кіріседі. Әсіресе, егін жинау, фермаларда қызмет ету үшін барған қазақстандықтың қатары жыл санап артып келеді. Жарнамасы «айқайлап», жалақы көлемін жариялағасын бәрінің-ақ барғысы бар. Айына кемінде 600 мың мен миллион теңге аралығында табыс табуға болатынын естіген кім-кімнің де аңсары ауатыны анық. Алайда қалтарыстағы талап, ескеру қажет ережелерді білмек керек. Онсыз әрекет етсеңіз, елге қайтудың өзі мұңға айналуы мүмкін. Осы орайда Ұлыбританияда 2 жыл жұмыс істеген жерлесіміз Нұрсұлтан Сеңгірбек шетелдегі жалдамалы жұмыстың қыр-сырымен бөлісіп, қатарлас жастардың неліктен сыртқа құмар екенін жеткізді.



– Бәрі мерзімге байланысты. Визаның мерзімі, жұмыс келісім-шартының мерзімі, шығынның орнын толтыру межесі, қайтуға оқталар сәтіңіздің жобасы... Осы уақыт талабын қатаң сақтасаңыз, кез келген елде жұмыс істеуге болады. Қазақстандықтар үшін негізгі еңбек нарығы – шаруа қожалықтары. Онда дақылдар егу, жинау және сатылымға әзірлеу сатылары бойынша қызметке орналасып, табыс табуға болады. Жұмыс мерзімі – 6 ай. Жалақы сағатына 10-15 фунт стерлинг шамасында белгіленеді. Жұмыс уақыты – 8-12 сағат, аптасына 5-6 күн. Баспана есебінде жылжымалы үйлер беріледі. Оның құны – аптасына 40-50 фунт стерлинг. Еңбекақыны апта сайын қолма-қол немесе есепшотқа аудартуға болады. Міне, осындай талап пен жағдай қарастырылған, – дейді Нұрсұлтан Сеңгірбек.

Расында, Ұлыбритания шетелдік азаматтардың, тіпті студенттердің де кедергісіз жұмыс жасауына мүмкіндік қарастырған. Заң бойынша сырттан келушілер аптасына 20 сағатқа дейін жұмыс істеуіне болады. Содан болар, «Work and travel» бағдарламасы аясында шет тілдерін үйренуге барған қазақстандық студенттердің көбі жұмысқа орналасып, табыс табуға талпынады. Ал жұмыс визасымен келген азаматтарға ешқандай шектеу жоқ.

### КОРЕЯ КЕРЕМЕТІНЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАС

Расында, кез келген жас тұрмыстық мәселені шешу, сапалы білім алу, табысты жұмыс іздеу бойынша ойланары анық. Сол сәтте елдегі жалақы деңгейі, қымбатшылық жайы, күнкөріс мөлшері жастардың өзге мемлекеттен қажы табуға деген ықыласын оятып, мәжбүрлі таңдауға әкелетіндей. Олай дейтініміз, шетелге жұмыс істеуге кеткен кез келген жастың айтар себебі бір. Яғни, мамандық бойынша табатын қаражат аз, нарық бағасы мен кіріс деңгейі көңіл көншітпейді деген уәжі бар. Бұрын осындай себеппен қазақ жастары АҚШ, Германия, Канада, Франция секілді елдерге көшсе, қазір бұл қатарға Оңтүстік Корея қосылды.

Қазіргі таңда Қазақстан мен Оңтүстік Корея мемлекеті арасында еңбек келісімі жоқ. Сондықтан онда барған жастың көбі заңсыз еңбек істеуге мұқаж. Жұмыстың жалақы мөлшері біздегімен салыстырғанда анағұрлым жоғары болғандықтан басым бөлігі тәуекелге бел бууға кіріседі. Келісім-шартсыз қызметке орналасып, жалдамалы жұмыс істейді.

Корея елі де сырттан келген азаматтардың еңбекақсы аз екенін ескеріп, түрлі жолмен жұмыс істетуге көшкен. Тіпті шетелдік азаматтарды заңсыз жұмыспен қамтитын арнайы орындар қалыптасқан. Ел арасында ондай орталықты «самушиль» («кеңсе») деп атайды. Яғни, Қазақстандағы «құлбазар» аталып кеткен еңбек базары типтес орын. Барлық жерде талап бір. Жұмыс іздеген шетелдік самушильге ерте барып, басшы ұсынған түрлі жұмысқа кіріседі. Құрылыстағы ауыр жұмыс, шыдамды қажет ететін еңбектің көбі осы салада. Әлгі орталық көрсеткен қызмет үшін алған жалақының 10-15 процентін ұстап қалатыны тағы бар. Сондықтан, заңсыз жұмыс табыспен қатар, бейнет те әкеледі.



Міне, ел асып еңбек еткен жастардың жағдайы осыған саяды. Мол қаражат, қомақты табыс ойлаған азаматтардың арман жетегімен шетелге кетуі ел экономикасы мен еңбек нарығына айтарлықтай соққы берері анық. Елге деген сенімді нықтау үшін жалақы мөлшері мен жұмыспен қамту ісінде қырағылық қажет-ақ.

**Соңғы уақытта шетелге жұмыс істеуге кететін жастардың саны артты. Көбі заңды-заңсыз жолмен шекарадан өтіп, жалақысы мол жұмыс іздеуге кіріскен. Таңдаудың басым бөлігі Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, АҚШ елдеріне түсуде. Сұраныстың ұлғайғаны сонша, тіпті жалдамалы жұмыс ұсынатын арнайы орталықтар көбейіп, визадан бастап қажетті құжаттарды жинауға жәрдемдеседі. Аз уақытта қомақты қаржы алуға ниетті жастар белгіленген талаптарды орындап, барынша өзге елде нан табуға талпынуда. Осы ой жетегімен сан соғып, қателескендер де қаншама...**

**Берен ШАҒЫРОВ**

# ҚАЛДЫҚСЫЗ ҚОҒАМ – ҚАУІПСІЗ ҒАЛАМ



**Жер бетіндегі жеті миллиардтан астам адам үшін маңызды экологиялық, ғаламдық мәселенің бірі – қалдықтар. Оның түрі мен қоршаған ортаға қаупі қаншалықты маңызды болса, уақытында тазартып, жойып отыру да кезек күттірмейтін жұмыс. Дүниежүзілік банктің есебінше, 2050 жылға қарай әлемдегі тұрмыстық қалдықтың көлемі 3,4 млрд тоннаға жетеді. Бұл келешекте Жер планетасының үлкен қоқыс полигонына айналатынын білдіреді. Елдегі қоқыс полигондарының жағдайы қалай? Әлем елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, қалдықтан құтылу үшін қандай шаралар қолданылуда?**

### БІР ҚОҚЫСТЫҢ ТАҒДЫРЫ

Сарапшылар қалдықтарды пайда болуына қарай тұрмыстық, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық, радиоактивті деп бөліп қарастырады. Тұрмыстық қатты қалдықтардың құрамына тағам қалдықтары, қағаз, металл сынықтары, резеңке, шыны, ағаш, мата, пластикалық және синтетикалық қалдықтар кіреді. Атмосфералық тұнбалар, қоқыстардың өрт салдарынан еруі тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында физика-химиялық және биохимиялық үрдістердің жүруіне әсерін тигізеді. Яғни, қалдықтарды сақтағанда сұйық, қатты және газ тәрізді көптеген улы химикаттар пайда болады. Бұл биосфераға және адамзат өміріне үлкен қауіп төндіреді, қоқыстардың қоршаған ортаға биогендік әсерінің нәтижесінде жәндіктер, құстар, кеміргіштер арқылы бактериялар мен вирустар үлкен қашықтыққа тарайды. Сондай-ақ мамандардың айтуынша, сұйық өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар топырақ және өсімдік қабатын, жер асты суларын улы заттармен жоғары деңгейде концентрациялайды.

Қоқыстың сақталу ұзақтығы бірнеше жүз жылға дейін баратынын атап өттік. Соның ішінде газет, картон қағаздар – 3 ай, ағаш тақтайшалар, аяқ киімдер мен банкалар – 10 жыл, темір бөлшектер – 20 жыл, сағыз – 30 жыл, автомобиль батареялары – 100 жыл, полиэтилен пакеттері – 100-200 жыл, пластикалық бөтелкелер – 200 жыл, балаларға арналған бір реттік жаялықтар – 300-500 жыл, шыныдан жасалған бұйымдар – 1000 жылдан астам уақытқа дейін шірімей, жата береді. Олар ұзақ сақталған сайын ауаға сіңіп, өздері байқамаса да, адамдарда, әсіресе, әйелдер мен балаларда түрлі ауру тудырады.

### ЕЛДЕГІ АХУАЛ ҚАЛАЙ?

Жыл сайын елімізде 4,3 млн тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық жиналып, соның небары 12 процентке жуығы ғана қайта өңделеді. Қалғаны қоқыс полигондарына көміледі екен. Елімізде тұрмыстық қалдық тасталатын 3 520 полигон бар, соның 18 проценті ғана тиісті талапты сақтауда. Қоғам белсенділері және экологтар заңсыз қоқыс алаңдарының азаймағанын айтып, дабыл қағып жатқаны тегін емес. Өндірістік және тұтыну қалдықтары тасталатын орын саны 17 934-ке жеткенімен, осы полигондардың дені санитарлық талаптар мен экологиялық стандарттарға сәйкес келмейді. Жалпы сарапшылардың дерегінше, жыл сайын елімізде 700 миллион тонна өнеркәсіптік қоқыс пен қалдық жиналатын болса, оның 250 миллионы денсаулыққа қауіпті улы заттар екені анықталған.

– Автокөлік шинасын жерге көмсек, 150 жылға дейін шірімейді. Ал осындай дөңгелектің 1 тоннасын өртесе, ауаға 250 келі күл тарап, 450 келі уытты газ бөлінеді екен. Енді экологиялық заң бойынша барлық ұйым шиналарды арнайы кәдеге жарату орындарына тапсырады. Ал жеке тұлғаларға оның әр келісі үшін 5 теңгеден ақы төлеу де қарастырылған. Қызылордада әзірге автокөліктің ескі доңғалағын қайта пайдаға жарататын бір ғана өндіріс бар. Онда спорт алаңдарына арналған резеңке үгінділері мен су түтікшелері шығады. Сондықтан осы саланы тезірек қолға алса екен, – дейді Мырзахан есімді азамат. Қалдықтарды полигонға көму оларды жоюдың негізгі әдісі емес. Демек, қоқыстан құтылудың қосымша жолы қандай? Бұл – өңдеу.

### ӘЛЕМ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҚОҚЫСҚА ҚАРСЫ

Дамыған Еуропа және Азия елдері қалдықтардың ластану проблемасын шешуде айтарлықтай тәжірибе жинақтады десек артық емес. 1975 жылдан бастап француздар қайта өңдеу технологияларын белсенді түрде дамытты. Осы кезеңде оның аумағында полигондар саны 6 мыңнан 230-ға дейін азайған.

Қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеу ісі бойынша Германия Еуропада алдыңғы орында. Бұл ел ең алғаш мұндай тәжірибені 1990 жылдардың басында іске асырып көрді және әлі күнге дейін дамыту үстінде. Немістердің әрқайсысының пәтерінде қоқыс жинауға арналған кемінде үш түрлі ыдыс болады. Ол кейде, тіпті, сегізге дейін жетеді.

Қоқысты қайта іске асыру және сұрыптау бойынша французлар қалыспайды. Францияда қоқыс өртейтін арнайы кешенді зауыттар салынған. Мысалы, Париж түбіндегі Иври-сюр-Сен зауыты жылына шамамен 600 мың тонна қоқыс өртейді. Қоқыстарды парализ тәсілі бойынша жоғары температурада өртейді. Соның әсерінен зиянды улы заттар толық еріп, күлге айналады. Франция қоқысты сұрыптап жинау әдісі мен қайта өңдеу нәтижесінде 30 процент алюминий, 50 процент әйнек, газет қағазын өндіріп отыр.

Күншығыс елінде қоқыс қалдықтарын сұрыптауға өте кірпияз қарайды. Бұл елде, тіпті, қалдық тастағаны үшін полицияның ескертуін елемеген адамның сотталып кеткенін естісеңіз таң қалмаңыз. Жапондықтар жері шағын елінің экологиясын сақтау үшін барын салады.

Жапонияда тұрмыстық қалдықтарды өртейді, одан алынған энергияны жылыту үшін қолданады. Тұрмыстық техникаларды қайта бұзып өңдеу үшін жөнелтеді. Бұл елде де әр жапондықтың үйінің алдында үш контейнер тұрады. Бірі пластмассаға арналса, екіншісі тағам, ал үшіншісі керексіз заттар үшін. Токио мен ірі қалаларда қоқыс контейнерлері қағаз, пластик, әйнек, темір, жанғыш, жанбайтын, қайта өндірілетін деп іріктеледі. Әр қалдықтың өзіне тиесілі түсті пакеттері болады. Жапония қалдық өңдеу ісінде тым ілгері кеткен елдің бірі. Тіпті, аталған елде органикалық қалдықтардың өзінен құрылыс материалдарын жасап шығарады.

### ШЕШІМ БАР МА?

Қазақстанда кеңестік кезеңнен бері қатты тұрмыстық қалдықтардың көп жиналғаны сонша билік 2019 жылдан бастап қоқыс полигондарына пластмасса, қағаз бен әйнекті алдын ала сұрыптаусыз көмуге тыйым салған. Осылайша қоғамда экологиялық сана қалыптастыру көзделген. Алайда тыйымнан өзгерген дүниені көрмедік. Шынболат Байқұлов қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеумен айналысатын 50 ұйым мен жеке кәсіпкерлердің басын біріктірген KazWaste қауымдастығын басқарады.

– Мұнай бәрібір жақын арада таусылады. Міндетіміз – қалдықты «айналымға енгізу». Мысалы, пластик өнім сынып қалса, оны жеті рет қайта өңдеуге болады. Бұл циркулярлық экономика, соған ұмтылуымыз керек, – дейді Шынболат Байқұлов.

Байқағанымыздай ел экономикасы мен экологиясы үшін ең дұрыс шешім қалдықтарды қайта өңдеу болмақ. Еуропа мемлекеттері қалдықтар арқылы өз қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, өңдеу арқылы жылуға дейін алып отыр. Демек, шешім бар. Тек әрекеттің кемесін алға жылжытар азаматтар керек-ақ.

**Дина БӨКЕБАЙ**







# СКРИНИНГКЕ САЛҒЫРТ ҚАРАМАУ КЕРЕК





**Жыл сайын әлемде қатерлі ісіктен 9 млн адам көз жұмады екен. Онкологиялық науқас саны бойынша Қазақстан алғашқы 50 елдің қатарында. Елімізде қатерлі ісікті ерте анықтау мақсатында скринингтің 3 түрі жүргізіледі. Яғни жатыр мойны обыры (әйелдер арасында 30-70 жас), сүт безі обыры (әйелдер арасында 40-70 жас) және тоқішек обыры (ерлер мен әйелдер арасында 50-70 жас). Жыл сайын 2,5 млннан астам азамат скринингтік зерттеуден өтеді.**

**Осы орайда облыстық онкологиялық орталықтың директоры Нұржамал Мырзағалиевамен өңірдегі ахуал жайында тілдескен едік.**

**– Қазір онкологиялық аурудың түр-түрі бар. Ол қалай пайда болады? Алғашқы белгілері қандай?**

– Өкінішке қарай, елімізде ғана емес, бүкіл әлемде онкологиялық аурудың түрі де, оларға шалдыққан науқастардың саны да көбеюде. Көптеген адам бұл диагнозды үкім ретінде қабылдайтыны рас. Бірақ қазіргі заманғы медицина мен ғылым онкологиялық аурулардың басым бөлігін емдеуге мүмкіндік береді.

Қатерлі ісіктің қайдан пайда болатынын дөп басып айту қиын. Әрі оның пайда болуы адамға бірден білінбейді. Тек ісік өскен кезде, жан-жағындағы үлкен жүйке талшықтарын, тамырларын немесе асқазан, тікішек секілді ағза мүшелерінің саңылауын жапқан кезде ғана байқалады. Қатерлі ісіктің пайда болу ошақтарының бірі – созылмалы аурулар. Сондықтан оны уақытылы емдеткен дұрыс.

Обыр жасушасы тез өсіп, белгілі бір уақытта қан және лимфа тамырлары арқылы ағзаның мүшелеріне тарайды немесе балалайды. Сөйтіп, жыл сайын жер бетіндегі миллиондаған адамның өмірін жалмайды. Онкологиялық аурулардың деңгейі әр ағзада орналасқан ісік көлемі мен зақымдану деңгейіне байланысты ҚР емдеу протоколына сәйкес қойылады.

Ал қай ағзада пайда болатынын ісік түріне байланысты бірнеше белгілері арқылы білуге болады. Мәселен, асқазанның бұзылуы ішек, ұйқы безі, бауыр обырымен ауыратын науқастар үшін онкологияның алғашқы көріністерінің бірі саналады. Ұзақ уақыт бойы емделуші және оның емдеуші дәрігері дұрыс диагноз қоя алмай, гастрит және эрозия деп ойлауы мүмкін.

Тағы да белгілеріне тоқталып өтсек. Аз мөлшерде тамақ ішкеннен кейін де асқазанның толып кету симптомы асқазан мен ұлтабардың обырына тән. Ешқандай себепсіз салмақ жоғалту да обырдың басталғанын білдіруі мүмкін. Егер пациент ешқандай күш салмай, мақсатсыз килограм-дап салмақ жоғалтса, бұған сақтықпен қарау керек.

Онкологияға тән тағы бір белгі – жөтел немесе ентігу. Бұлар өкпе обырының алғашқы симптомдарының бірі саналады.

Кеудедегі тұрақты ауырсыну және күйдіру сезімі гастро-эзофагальды рефлюкс симптомынан туындайды, яғни, асқазан қышқылы өңешке көтеріледі. Бұл жағдай асқазан, өңештің қатерлі ісігіне тән. Лимфа түйіндерінің ұлғаюы оған жақын орналасқан органның қатерлі ісігінің әлеуетті белгісі десек болады. Себепсіз көгеру және қан кету қан обырының көрінісі болуы мүмкін. Әлсіздік пен шаршау онкологиялық аурулардың барлық түрі үшін ортақ симптом ретінде қаралуда.

Нәжістегі қан, дефекациядан кейінгі қан – геморрой кезінде ғана емес, тік ішек обырында да кездеседі. Зәр шығарудың қиындауы простата обырының симптомы болуы мүмкін. Кеуде немесе емізік ауруы сүт безі обырының симптомы ретінде ерлерде де пайда болып жатады. Бірақ бұл өте сирек кездеседі. Терідегі өзгерістер, нақтырақ айтсақ, сүйелдердің, гипер немесе гипопигментация учаскелерінің пайда болуы дәрігерге баруға себеп болуы тиіс. Әйелдерде етеккір арасындағы қан кету, климактериялық кезеңде қан жоғалту эндометрий обырының белгілері болуы мүмкін.

**– Қазақстанда әр екінші әйел жатыр мойнының обырына ұшырайтынын естідім. Себеп неде?**

– Жатыр мойнының обыры әйелдерде ең жиі кездесетін түрі екені рас. Жатыр мойнының обыры 16, 18, 31, 33, 35 немесе 39 түрге жататын адам папилломасының вирусынан туындаған цервикалды интраэпителиалды неоплазияя (CIN) нәтижесі болып саналады.

Көбіне жатыр мойнының обырына 45-50 жастағы әйелдер шалдығады. Алайда соңғы уақытта бұл ауру жас әйелдерден де анықталып жатыр.

Себептеріне тоқталып кетсек: бей-берекет төсек қатынасы; иммунды жүйенің әлсіреуі; бұрын болған немесе ағымдағы хламидий және жыныс жолымен берілетін басқа да инфекциялар; онкологиялық ауруларға, соның ішінде жатыр мойнының обырына тұқымдық бейімділік; жүктілікке қарсы дәрі-дәрмекті ұзақ уақыт қабылдау; ерте басталған жыныстық қатынас.

**– Өңірде онкологиямен ауырғандардың статистикасы қандай? Ең жиі кездесетін түрін айтып өтсеңіз...**

– Өңірде онкологиялық сырқат есебінде 4947 адам тұрады. Оның ішінде 40-70 жас аралығындағы тұрғындарда онкологиялық аурулар көп кездесіп отыр. Өңір бойынша өткен жылдың қорытындысына сәйкес, қатерлі ісік ауруына ұшырағандардың ішінде өкпенің қатерлі ісігі көп кездескен. Одан кейінгі орында сүт безі обыры, асқазан ісігі, жатыр мойны ісігімен науқастанғандар тұр.

Өкінішке қарай қатерлі ісікке шалдыққандардың басым бөлігі аурудың III-IV кезеңінен асқан кезде ғана дәрігерге жүгінеді. Емдеудің небір тиімді әрі заманауи жолдары болуына қарамастан, науқасқа диагноз қойылған соң оның өлу қаупі 50 пайызға дейін артады. Бұл дәлелденген. Қазақстан бойынша өкпе ісігіне шалдыққандардың саны көбейіп жатыр. Себебі көбі әдеттегі жөтелді пневмония ғана деп ойлап, дәрігерге қаралмайды. Шылым шегетіндер ғана өкпе обырына шалдықпайды. Мысалы, бронх қабынуы, пневмония, туберкулез сияқты созылмалы аурулар өкпе обырына тікелей себепші болады.

**– Бізде кәсіби білікті мамандар жеткілікті ме? Өңірдегі орталыққа жаңа аппараттар келді ме?**

– Қазіргі таңда облыс бойынша 18 онколог кабинеті жұмыс істеуде. Мамандарға келетін болсақ, облыста 17 маман бар. Жыл сайын Алматы, Астана қалаларына тәжірибе алмасуға барып тұрады. Тіпті, Ресейге, Кореяға барып білімін жетілдіруде. Орталыққа 2021 жылы РЧА (Радио толқынды абляция) аппараты алынып, оның көмегімен пациенттерге оталық ем жасалуда. Міндетіміз – адам жанын аман сақтап қалу. Түрлі дәрежедегі оталар сәтті аяқталып жүр.

**– Онкология тұқым қуалай ма?**

– Ғалымдар қатерлі ісік ауруының пайда болу қаупі көбінесе тұқым қуалаушылықтан емес, өмір сүру жағдайынан болатынын дәлелдеуде. Зерттеушілердің жалпы қорытындысы бойынша, тұқым қуалау жағдайы қатерлі ісік ауруы кезінде онкологиялық аурулардан болатын өлімнің 15 пайызын ғана құрайды. Яғни, қатерлі ісікке бейімділік гендерінің тасымалдаушыларын салауатты тамақтану және салауатты өмір салтын ұстану арқылы қорғауға болады.

Монреаль университетінде әйелдердің сүт безінің ісігін тексеріп көрді (BRCA-1 және BRCA-2 гендерінің қалыпты өзгеруі). Олар әр апта сайын тамақ рационына 27 түрлі көкөніс пен жемісті енгізіп, нәтижесінде қатерлі ісік ауруларының даму қаупін 73 пайызға азайтқан. Бұл қауіпті гендерді қорғауда ұстау керегін айтқан алғашқы зерттеу емес. Егер ген белсенділік танытса, құрылымы өзгеру мүмкін. Рак гені бар адамдар гені белсенділік танытқан жағдайда ғана ауруы дами бастайды. Геннің белсенділігіне көптеген факторлар әсер етеді, оның ішінде дұрыс тамақтану және дене белсенділігі ең маңыздысы саналады. Салауатты тамақтану және тиісті физикалық күш салу – онкологиялық аурудың дамуын тудыратын ген белсенділігін «ұйықтау» жағдайында ұстап тұратын маңызды және тиімді құрал.

**– Қатерлік ісікке ұшырағанын естіген адам әрі қарай не істеу керек? Бұл ауруды жеңу адамның ішкі күшіне байланысты ма? Психологиялық жағынан жеңуге, күресіп қайта өмір сүруге қаншалықты мүмкіндік бар?**

– Қатерлі ісік диагнозы қойылғаннан кейін пациентке дәрігер-отбасы тізбегі бойынша қолдап, психологиялық көмек корсеткен абзал. Себебі пациенттер бұл ауыр диагнозға шалдыққанан кейін жауабы жоқ сұрақтары көбейіп, толыққанды жазылудың жолын іздестіре бастайды. Біздің орталықта дәл осы сұраққа байланысты психологиялық кабинет жұмыс атқаруда. Білікті психолог дәрігерлеріміз пациенттерден бөлек олардың отбасыларымен біріге белсенді жұмыс істейді. Кез келген ауруды жеңу ең бірінші кезекте пациенттің осы сырқатты қабылдап, күресуінен басталады. Психологиялық тұрғыдан күресіп, сырқатты жеңу арқылы қайта өмір бастауы да осы диагнозды қабылдай білуінде.

**– Сұқбат үшін рақмет!**

**Әңгімелескен**
**Дина БӨКЕБАЙ**

КЕРЕК КЕҢЕС

# ЖЕКЕ КӘСІПКЕР МӘМС ЖАРНАСЫН ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛАДЫ



**Жеңілдік санатқа кіретін кәсіпкер МӘМС төлемейді**

Жеке кәсіпкер өзі немесе оның жалдамалы қызметкерлері келесі санаттарда болған жағдайда жарналар мен аударымдарды төлемейді:

- балалар (18 жасқа дейінгі);
- зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар;
- мүмкіндігі шектеулі жандар;
- орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алатындар.

**Декреттік демалыстағы кәсіпкер де төлем жасайды**

Егер әйел жеке кәсіпкер болса, онда ол өзі үшін 4 900 теңге мөлшерінде белгіленген жарнаны төлейді. Бұл санаттағы әйелдер жеңілдік санатына кәсіпкерлік немесе еңбек қызметін жүзеге асырмайтын, табысы жоқ кезде кіреді.

Егер жеке кәсіпкер жұмыс жасамаса (кірісі болмаса), онда салық органдарында кәсіпкерлігін тоқтата тұру үшін тиісті рәсімдерді жүргізу қажет.

Сондай-ақ жеке кәсіпкер, зейнеткер немесе мүгедек болса, ол медициналық сақтандыру үшін жарна төлемейді. Мүгедектігі бар адамдар МӘМС жарнасын төлеуден толық босатылған азаматтардың жеңілдік санатына жатады, оның ішінде жеке кәсіпкер ретінде де. Сондай-ақ, Қазақстандағы қордан зейнетақы алушылар да МӘМС жарнасын төлеуден босатылды.

**Жарна төлемегендерге өсімпұл салынады**

Төлем күнін қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл есептеледі.

Өсімпұлды болдырмау үшін жалдамалы қызметкерлері болса, жарналар мен аударымдарды уақытылы төлеу қажет. Есепті кезеңнен кешіктірмей, яғни кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмеу керек.

Жарналарды және (немесе) медициналық сақтандыру қорына аударымдарды төлеуден жалтарған жағдайда шара қолданылады. Мәселен, мемлекеттік кіріс органдары (салық комитеті) аударымдар мен жарналардың уақытылы және толық есептелуіне және аударылуына бақылау жүргізеді. Егер жеке кәсіпкер жарналарды және (немесе) аударымдарды төлеуден жалтарса, әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Жұмыс берушінің, жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың міндетті медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлемеуі, уақтылы және (немесе) толық төлемеуі – ескерту жасауға әкеп соғады.

**Айгүл АХАНОВА,**
**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы**

## ТҮЛЕКТЕР КЕЗДЕСУІ



**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде түлектер қауымдастығының кезекті жиыны өтті. Басқосуға әр жылдары білім алған түлектер, университет басшылығы мен профессор-оқытушылар жиналды. Қатысушылар 2023-2025 жылға арналған университеттің стратегиялық даму жоспарын талқылады.**

Жиында басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Сәрсемханқызы оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту мен дамытуға үлес қосып жүрген түлектерге алғыс білдірді.

«Жиынға әр салада жемісті еңбек етіп жүрген түлектеріміз жиналды. Осы сәтті пайдалана отырып, 85 жылдық мерейтойда қолдау көрсеткен Асқар Махамбетов, Анар Ізден, Ділмұхамед Абызов, Мұхит Төребаев бастаған түлектерге алғыс білдіремін. Сондай-ақ, сіздердің араларыңызда «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлері Серік Жайырбаев, Ақбота Мамадияр бар. Біз әрдайым түлектердің жетістіктерімен мақтанамыз», – деді Б.Кәрімова.

Кездесу барысында «Best-servis LTD» ЖШС бас директоры Асқар Махамбетов атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, сұранысқа ие сапалы кадр даярлауда өз ұсынысын білдірді.

## «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» СЫР ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



**Сыр өңірі талай талантты тудырған өлке. Сол таланттардың бірі, Сыр спортының үкілеген үміті – Мақсат Исағабылов. Ес білгеннен спортты жанына серік етіп, алдына қойған мақсатын нәтижеге айналдырып, талай бәсі биік бәсекеде топ жарған жерлесіміз елімізде дәстүрлі түрде өткізілетін «Қазақстан барысы – 2022» додасының алтын белбеуін жеңіп алған болатын. Ол жеңіске шөлдеген жергілікті жұртшылыққа үлкен сый болған еді. Талай палуанмен таласып, жауырынын жерге тигізбеген оғлан “Жастар орталығына” қонақ болды.**

Жастарды спортқа шақыру, жауапкершілік пен табандылықты үйрету, тәжірибемен бөлісу мақсатында ұйымдастырылған шараны “Жастар ресурстық орталығының” директоры Талғат Оспанұлы ашты.

– Алдын ала барлық оқу орындарында, әлеуметтік желілерде жерлесіміз, қазақ күресінің майталманы Мақсат Исағабылов біздің орталықта қонақ болады деп жариялаған болатынбыз. Спортқа жақын, спортсүйер жастар жиналған екен. Өйткені спорт – адамды өзін-өзі шыңдауға баулитын, ұдайы физиологиялық даму мен тұрақтылықты талап ететін өмірлік позицияның бірі. Сол жолда аянбай еңбек еткен Мақсат бүгінде Сыр бойына ғана емес, барша ел мақтанышына айналып үлгерді, – деді Талғат Оспанұлы.

Шарада сөз алған палуан спортта ең бірінші ерік-жігердің мықтылығы мен спортқа деген сүйіспеншілік маңызды екенін жеткізді. Спортшының жетістігі тынымсыз жаттығу мен білікті бапкерден бөлек ата-анасына, жанкүйерлеріне де байланысты екеніне тоқталды.

– Спорт – үлкен мектеп. Бала енді қалыптасып келе жатқан сәтінен спортқа ден қойып, тұрақты айналысса, нәтиже шығарары сөзсіз. Мінезінде мықтылық, шыдамдылық пен сабыр, жеңіске мастанбай, жеңілісте сынбауға үйренеді. Бала кезімнен өзімнің болмысым қазақ күресіне жақын болды. Бөлмемде есікті жауып алып жаттығу жасап, дайындалатынмын. Алдымдағы ағама еліктеп, дәл осы спорт түрінен кәсіби жаттығып, талай қиындықты еңсеруім бүгінгі жеңісіме алып келді. Ұстанымға беріктік, спортқа адалдық, жақындардың қолдауы – әр спортшының бір нәтижеге жетуінің көрінісі. Сондықтан, барша жастарға темірдей тәртіп пен бастаған істі соңын жеткізуге шыдамдылық тілеймін, – деді палуан.

Шарада спортсүйер жастар палуанға сұрақтарын қойып, еркін форматта ой-пікір алмасты. Шара соңында қазақ күресінің шебері шеберлік сыныбын өткізді.

**Құралай ЖАҚСЫЛЫҚ**

## ЖЫР ТӨГІЛГЕН КЕШ



**9 ақпан – ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күні. Осыған орай облыстық «Жастар ресурстық орталығы» мен №19 кітапхананың ұйымдастыруымен поэзия дамуына үн қосқан ақынды еске алуға арналған әдеби-сазды жыр кеші өтті.**

Рухани шараға «Тілдерді дамыту орталығы» КММ-нің оқу әдістемелік бөлім басшысы Гүлбану Сембиева, ғылыми бөлім сарапшысы Шолпан Қайбрахман, Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті қызметкерлері және Сыр өңіріне белгілі ақындар мен белсенді жастар қатысты.

Кеште бірқатар талантты жас Мұқағали әлеміне терең бойлап, оның сыршыл поэзиясы, пайымдауы өзгеден бөлек жебелі жырларын жүректерге ерекше үнмен, соны серпінмен жеткізді. Сонымен қатар ақынның «Қырман басында», «Қойшы бала Әкітай», «Інімнің ойы», «Шебер» өлеңдері «Жастық жыры» секілді жинаққа енген тұңғыш өлеңдері оқылды.

## ЖАЙДАРМАНШЫЛАРДЫҢ ЖЕҢІСІ

**Жаңақорғандық жас жайдарманшылар Астанадан олжалы оралды. Республика бойынша 200-ден астам құрама қатысқан сайыста күміс жүлдеге қол жеткізді. Иә, жайдарманшылар үшін маусымашар қашан да үлкен байрақты байқау. Жаңа маусымға, жаңа жылға, жаңа леп беретін жастар жалыны.**





Мойындау керек, «Жайдарман» еліміздің талантты жастарының басын қосатын танымал алаңға айналып үлгерді. Осы тұста, айтулы сайысқа Жаңақорған кентіндегі іргелі білім ордасы «Заңғар» интеллектуалды мектебінің өнерлі шәкірттерінен құралған «Заңғар» құрамасы қатысты.

«Жайдарманның» балалар, жасөспірімдер және жоғары лигаларына іріктеу Астана қаласындағы «Жастар» сарайында өтті. Сайыс шымылдығын түрген Қазақстан КВН Одағының төрағасы Есен Елеукен: «Биылғы жылдың маусымын «Әдемі маусым» деп атадық. Осы жылғы маусымды әдемі өткізуіміз керек. Біздің балаларымыз әдемі сөйлеуі керек, әдемі ойлау керек, әдемі қолдаушылары болу керек. Бұл біздің қолымыздан келеді. Сондықтан «Әдемі» маусымды бірлесе атқаруға баршаңызды шақырамын», – деді.

Маусымашарға еліміз бойынша 220 командадан құралған 2000 жайдарманшы өз өнерін ортаға салды. «Заңғар» мектебіндегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ақжарқын Берікқызы бастаған «Заңғар» құрамасы «Бала Жайдарман» лигасында алғаш үлкен сахнаға шығып, әдемі әзілдерін паш етті.

– Шыны керек, «заңғарлықтарға» «Жайдарман» сахнасында 4-5 жылдан бері өнер көрсетіп жүрген кіл мықтылармен қатар өнер көрсету оңайға соқпады. Алғашқы күні КВН жұлдыздарының қатысуымен семинар-тренингтер ұйымдастырды. Танымал әзілкештер, тик-токерлер, блогерлермен бірге тәжірибе жинақтады. Жалпы, сайыста шәкірттеріміз барынша намысты қолдан бермей әділқазылар алқасының көңілінен шыға білді. Әрі жоғары ұпайға ие болды. Біздің құрама қатарында: Рамазан Шамшудин, Бегайдар Көсел, Нұрәли Батырхан, Жұлдыз Ерболатова, Кәусар Әлімхан секілді мықты жайдарманшы балаларымыз барын салды. Астарлы әзілдері арқылы қазылардың жүзіне күлкі үйірді, – дейді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ақжарқын Тасболатова.

Байрақты бәсекеге инттеллектуалды мектептің кураторы Диара Аббаз, «Қазақстан КВН одағы» республикалық жастар қоғамдық бірлестігінің Жаңақорған аудандық филиал директоры Асхат Құлтасов бастаған «Жаңақорған» құрамасы да барды. Жай ғана барып қоймай, ағалық ақылын айтып, тәжірибелерімен бөлісті. Айта кету керек, «Заңғар» командасы бұған дейін аудандық Жайдарман лигасында топ жарып, облыстық турнирде жолдама алған болатын.

«Бала Жайдарман» лигасында II орын алған жас жайдарманшылар арнайы диплом мен «Avatariya» балалар ойын сауық орталығын да тегін ойнауға сертификат жеңіп алды. Осылайша Астана төрінде үлкен сахнада аудан абыройын асқақтатқан «Заңғар» құрамасы қолдау көрсеткен мектеп құрылтайшылары Нұржан Ақылханұлы мен Гүлмира Тұрарқызына, «Заңғар» мектебінің директоры Гауһар Тұрғанбайқызына, демеу көрсеткен Нұржан Шамшидинұлына алғысын білдіреді.

**Әбдісамат ӘБДІШ**

## «ҚОБЫЗ – ДІЛІМІЗ, ДОМБЫРА – ТІЛІМІЗ»



**С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы және «Дәстүр» қолөнер қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ағаш шебері Пахриддин Шәмшідінұлының «Қолөнерден кәсіпке» атты шығармашылық көрмесінің ашылу рәсімі өтті.**

Өнегелі өмірінде көптің құрметіне бөленіп жүрген шебер, ұста 55 жас мерейтойына орай ұйымдастырылған көрмеде облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова, ҚР «Мәдениет саласының үздігі» Қазақстан суретшілер, қолөнершілер одағының мүшесі Жәнібек Маханбетов салтанатты шараның ашылуымен құттықтап, сөз сөйледі. Сонымен қатар шығармашылық қолдау көрсету мақсатында Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қызметкері Перизат Құрманәліқызы, ақын Манап Көкеновтің інісі Құттықожа Көкенов, Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Әбілқайыр Сыздықов қатысып, жылы лебізі мен сый-сияпаттарын табыстады.

− «Қолөнерден кәсіпке» атты шығармашылық көрменің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Ықылым заманнан ағаш ою қазақ халқы үшін берекелі кәсіп десек болады. Бүгінде туындыларыңызды ұлттық брендке айналдырып отырған жайымыз бар. Кәсібіңізге береке берсін. Қолөнерді дамытатын жеке мектептер ашылса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл өнерді кейінгі ұрпақ жалғастыру қажет, − деді Мира Жомартқызы.

**Шаһизада ИСА**

## Ғасыр ақыны – Мұқағали Мақатаев





Қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаев есімі бүгінде күллі қазаққа мәшһүр. Ақиық ақын – халқының сүйіспеншілігіне бөленген перзент. Қазақ халқын талантымен баурап алған Мұқағали Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының қазіргі Райымбек ауданындағы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Қарасаздың сұлулығы Мұқағалидың ақындық талантының қайнар көзі болды десек қате айтқанымыз емес. Шынайы поэзия өкілінің өмір мен өлім, туған жер, адам тағдыры, ана мен бала, ақын мен ақындық, соғыс қасіреті тақырыбындағы өлеңдері ұлттық реңмен зерделенген қайталанбас лирикалық шығармалар екені анық.

Биыл ақынның туғанына 92 жыл толды. Осы ретте Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен М.Ералиева атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Есіңе мені алғайсың» атты дәстүрлі қалалық байқау өтті. Өскелең ұрпақ, жастар арасында Мұқағали шығармаларын насихаттап, мектеп қабырғасындағы оқушылардың шығармашылыққа деген айрықша қабілетін, тұлғалық сезім мәдениетін қалыптастыру мақсатында өткізілген байқау жоғары деңгейде ұйымдастырылды. 2018 жылдан бері өткізіліп келе жатқан дәстүрлі байқаудың жыл өткен сайын көркемдік деңгейі жоғарылай түсіп, оқушылардың да шығармашылыққа деген қызығушылығы артуда. Биыл байқауға қаланың білім бөлімдеріне қарасты мектеп оқушыларынан 90-ға жуық талапкер бақ сынады.

Сайыс екі кезеңнен тұрды. «Қазақтың қара өлеңі – құдіретім» деп аталатын кезеңде талапкерлер ақын өлеңін жатқа айтса, келесі кезеңде ақынның поэмаларынан үзінділер оқыды.

Шығарманың табиғатын, жанрын, оқиға легін түсініп, сол арқылы дауыс мүмкіндіктерін жетілдіре отырып, стильдік жағынан өзгеше орындағандар арасынан №175 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Нұрлыхан Айтжанов, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы Аруна Әбілхан, 5 сынып оқушысы Ақнұр Орынбек, Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебінің 8 сынып оқушысы Талшын Оспан, Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің 7 сынып оқушысы Ақнұр Еламан және 6 сынып оқушысы Бану Жамбылқызының өнері жоғары бағаланып, байқаудың бас жүлдесін иеленді. Жүлделі І, ІІ, ІІІ орын иелері анықталып, бағалы сыйлықтар мен дипломдар табысталды. Байқаудың жоғары деңгейде өтуіне бірден-бір себепші болып жүрген М.Ералиева атындағы мәдениет Үйінің директоры, белгілі ақын Нұрмат Мансұр шығармашыл жастардың ізденісін, келешек ұрпақтың қазақ поэзиясына деген ерекше құштарлығын атап өтіп, балалардың шеберлігін шыңдауда мол еңбек еткен ұстаздар қауымына, ата-аналарға алғаусыз алғысын білдірді.

**Ұлбосын ҚЫЛЫШБАЕВА,**
**Қазақстан театр сыншылары бірлестігінің мүшесі**



## ҰСТАЗДАРҒА МЫҢ АЛҒЫС!

Ілім-білім үйреткен,
Ұстаздарға мың алғыс!
Білім берді барша елге.
Ұстаз деген ардақты
Анамыз біздің екінші,
Ұстаздарға мың алғыс!

Жамандықтан өткізген,
Жақсылыққа жеткізген.
Ұстаздарға мың алғыс!
Білімнің нәрлі суымен
Қандырған менің
шөлімді!

## МАХАББАТ, РАХЫМШЫЛЫҚ, АДАЛДЫҚ

Әр адамның жүрегінде болу керек үш сезім.
Біріншісі – махаббат
Бар ол менде,
Анаға деген, Отанға деген махаббат.
Екіншісі – рахымшылық
Ол да бар,
Кешіріммен қараймын.
Өзгелерді, өзімді
Үшіншісі – адалдық,
Сертке, уәдеге, ертеңге деген үмітке!

**Досжан СЕЙІТСҰЛТАН,**
**Ә.Мүсілімов атындағы**
**№101 мектеп-лицейдің**
**5 сынып оқушысы**



## БАҚЫТ ДЕГЕН...

Бақыт деген сенің өмір-сүргенің,
Еш уайымсыз шат-шадыман
күлгенің.
Аяғыңмен жерді басып жүргенің,
Өз көзіңмен бұл фәниді көргенің!

Бақыт деген сенің аман болуың,
Денің сау боп, шапқылап бір
жүруің,
Саф ауаны құшырлана жұтуың,
Жақыныңмен бірге өмір сүруің!

Бақыт деген сенің бала кездерің,
Ата-анаңмен мерекеге барғаның,
Топырақтан қамал жасап
ұтқаның,
Қайғы-мұңсыз тәтті ұйқыға
батқаның!

Бақыт деген сенің сүйікті
болғаның,
Ғашығыңды бұл әлемнен
тапқаның,

Сезімге мас бо(лы)п, лаулап
оттай жанғаның,
Өз жартыңмен кетіп бара
жатқаның!

Бақыт деген үлкен де емес, кіші
емес!..
Бақыт деген аз да емес, көп
емес!..
Бақыт деген әр адамға әртүрлі
Бір сәтсіздік өміріңнің соңы емес!

**Диляра ЕРЛАНҚЫЗЫ,**
**№ 12 І.Қабылов атындағы**
**IT мектеп-лицейдің**
**11 сынып окушысы**



# ЕГІЗДЕР - ЕРЕКШЕ ЖАРАТЫЛҒАНДАР



Егіздер Жаратқанның ерекше тылсым жаратылысы екені рас.

Олар жайлы түрлі аңыздар мен әңгімелер жетерлік. Аңыздар мен көркем әдебиеттерде жалпы әр дәуірде әр ұлттың санасында егіздер беймәлім дүниенің жаршысы іспетті болды. Әлемдегі сирек кездесетін таңғажайып құбылыс ретінде егіздер адам санасын біраз қызықтырып, аңыз-ертегілерге арқау болғаны шын. Ерте заманнан бері егіздерді болашақты болжайтын,табиғи және адам өмірінде болатын оқиғаларға әсер ете алатын тылсым күш иесі ретінде де қабылдаған. Өткен дәуірлердегі аңыздарға көз жүгіртсек, адамдардың олардан қорыққанын да аңғаруға болады. Көп аңызда егіздің бір сыңары жақсылықтың, ал екінші сыңары жамандықтың белгісі болған. Олардың мінезі, темпераменті, әдеттері бір-біріне емес, ата-аналарына ұқсайды деп айту жөн болар. Оларды жан-жақтағылар әрдайым бір-бірімен салыстыруды еш тоқтатпақ емес. Осылайша адамдар салыстыру арқылы жаман мен жақсыны айырғысы келеді. Алайда, бұл салыстырулар егіздер арасында неге әкеп соқтыратынын болжау қиын.

Қазіргі таңда егіздер жайындағы көптеген мифтердің ғылыми тұрғыдан еш сиқыры жоқ екенін білеміз. Алайда дамыған заманда да егіздер жайлы тылсым құбылысты естіп жүрген шығарсыздар. “Сырт келбетін бір-бірінен ажырату қиын егіздерді (бір ұрықты егіздер) екі жаққа бөлек жіберсе, бірінің денсаулығы нашарлағанын екіншісі сезеді” деп жатады.

Көптеген егіздердің өмірінде аталған жағдай кездескен. Бірақ бұл тылсым құбылыстың сырын аша алған бір де бір ғалым да, оқымысты да, дәрігер де жоқ. Туғанынан бастап екі бөлек жерде өмір сүрген егіздердің бойындағы түрлі қасиеттердің қашықтыққа қарамастан бірдей болатындығы да бар.

Байқаған боларсыздар, екі немесе одан да көп бауырлардың бір мезетте туған жағдайда, сәбилердің салмақтары қалыпты жағдайдан азырақ болады. Оның себебі ана құрсағында жатып бір ұрыққа тиесілі оттегі мен қоректік заттарды екі немесе үш-төртеу болып бөліскендіктен екен.

Тағы бір қызық ақпарат, егіздердің өз тілі болады. Оларды кейбір ғалымдар “экстрасенс “деп те атайды. Себебі, олар бір-бірін алыс қашықтықтан сезе алады. Алайда бұл туралы ғалымдардың нақты деректері жоқ.

Егіз балалардың өздеріне ғана түсінікті тіл(диалект) пайда болады. Екеуі сол тілде кішкентай кездерінде сөйлеседі. Бұл жағдайды екі жастағы егіздердің әрекеттерінен байқауға болады. Өсе келе егіздер уақытының көп бөлігін бірге өткізетін болғандықтан бір-бірінің мінезі мен әдеттерімен жақсы таныс. Бірақ егіздердің өз араларында бір сиқырлы қарым-қатынастың барын айтып жатады. Олардың арасындағы бұл қатынасты психологиялық тілмен “эмпатия” деп айтуға болады.

Зерттеу нәтижесінде бір жұмыртқалы егіздердің ми белсенділігі кестесінің сәйкесетіні анықталған, егіздердің бет-әлпеті мен дене пішімдері 100 пайыз ұқсас болғанымен, саусақ бедерлері мүлдем бөлек болатыны да сиқырлы дүние.

**Ғазиза ЕРЛАНОВА,**
**5 мектеп-лицейдің**
**11 сынып оқушысы**

# СІЗ – ЗИГМУНД ФРЕЙДСІЗ



Егер үнемі достарыңыздың шағымын тыңдап, оларға кеңес берсеңіз, сіз Зигмунд Фрейдсіз. “Психоанализ” ілімінің негізін қалаушы Зигмунд Фрейд жайлы естуіңіз бар ма?

Зигмунд Фрейд –1856 жылдың 6 мамырында дүниеге келген Австриялық психолог. Ол XX ғасырдағы ең атақты ғана емес, ең даулы тұлғалардың бірі. Әлі күнге дейін “Бұл шынайы ғалым ба, әлде алаяқ па?” деген сұрақ көпті мазалайды. Фрейд адам табиғатына деген “новаторлық идеяларымен” ғылыми ортада резонанс тудырды. Зигмунд бала кезінен өз жасындағы балаларға қарағанда алғырлығы, білімділігімен көзге түседі. Философия мен әдебиет саласына қызығушылығы жоғары болған. 1873 жылы Вена университетінің медицина факультетіне оқуға түсіп, сегіз жылдық медициналық білімінен соң “Вена” ауруханасына жұмысқа тұрады. Ауруханада Фрейд диагностика әдістерін, миына зақым келген балаларды, сондай-ақ әртүрлі тілдік ауруы бар балаларды емдеу әдістерін меңгереді. 1885 жылы Париждегі атақты невролог атанған Шаркодан гипноз жайлы ілімдерді меңгеріп, сол арқылы науқастарды емдеуге немесе уақытша ауруынан айықтыра алатынына көзі жетеді. Бірақ, Зигмунд адаммен пікірлесу арқылы емдеу жолын таңдайды. Пациенттерімен әңгімелесе отырып, олардың ойын өзгертуге тырысады. «Еркін ассоциация» әдісі деп аталған Зигмундтың бұл емдеу әдісінде пациенттеріне кездейсоқ бірінші есіне түскен затты айтқызып отырады. Осы арқылы гипнозсыз емдеу әдісін көздейді.

1896 жылы Зигмундтың әкесі қайтыс болады. Бұл өлім оның жанына қатты батқаны сонша, өзін өте жалғыз сезінеді. Осы кезде Фрейд тағы бір емдеу әдісіне жүгінеді, ол “Көрген түстерін жору” болатын. Фрейдтің есептеуінше: “Түс жәй нәрсе емес. Түс көру қаншалықты бос көріністер болғанымен, оның «сценарийі» - бұл түстің бейне белгілері арқылы қанағаттандырылатын түпкі тілек-қалауларымыздың коды.”

Германиядағы билік басына фашизм келген уақытта, нацистер өртеген кітаптардың ішінде Зигмунд Фрейдтің кітаптары да бар еді. Мұны естіген Фрейд: “Біз қандай прогресске қол жеткіздік? Орта ғасырларда олар менің өзімді өртер еді, ал бүгін олар менің кітаптарымды өртеуге қанағаттанды”,- деген әйгілі сөздерін айтады. Францијадағы Америка елшісінің көмегімен осы қиын уақытта Фрейд Англияға көшеді. Англияда ғалымдар Фрейдті жақсы қарсы алды. Бірақ оның күні санаулы еді. Сөйтіп ол 1939 жылдың жиырма бірінші қыркүйегінде Лондонда Зигмунд Фрейд қайтыс болды. Зигмунд теориясының әлемге әйгілі ілім ретінде танылғаны соншалық, бүгінде ғалымдар арасында «Психология – Фрейдтің өзі» деген пікір қалыптасты.

**Ақниет ӨТЕГЕН,**
**Қорқыт ата атындағы ,Қызылорда**
**университетінің**
**2 курс студенті**

# БАЛА ТӘРБИЕСІ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын мақсат-міндеттерінің ең бастысы – қоғамда өз орнын таба білген саналы, салауатты ұрпақ тәрбиелеу. Жасөспірімдерге адамгершілік-рухани тәлім-тәрбие беру, болашағына бағыт-бағдар көрсету бүгінгі қоғамның басты мәселесі деуге де болады. Ал оқушының бойына жағымды қасиеттерді сіңіру тек білім берумен ғана шектелмейді. Яғни оқушының ішкі жан дүниесін ояту және оң әсер ету нәтижесінде оның жоғарыда аталған адами қасиеттері қалыптасады.

Дегенмен балаға дұрыс тәрбие беру оның іс-әрекеттеріне шектеу қою дегенді білдірмейді. Оқушылар рухани-адамгершілік қасиеттерді, мінез-құлқын өз іс-әрекетінде, яғни қоғам ортасында тіршілік етуде қалыптастырып, ерікті таңдай білгені дұрыс. Яғни жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуына ерік беріп, мүмкіндік беруі қажет. Демек, бала тәрбиесіндегі басты мәселе – оның қоғам мүшесі ретіндегі позициясына құлақ асу, құрметтеу. Сондықтан да әрбір оқушы өзін-өзі рухани жетілдіру үшін білім алуға, өзін тәрбилеуге ұмтылуы маңызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы, білімі мен тәрбиесі – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі», – деп бала тәрбиесі туралы баса айтқан болатын. Осы мақсатта елімізде өткен жылы «Балалар жылы» деп аталып, бірнеше ауқамды жұмыстар атқарылды. Бұған оқушыдан бастап, ата-ана, мұғалімдер, жалпы қоғам атсалысты.

«Оқыту – тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген педагог шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айырылады» деп бекер айтылмаса керек. Сондықтан жасөспірімнің бойына жастайынан ізгілік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіру мен тәрбиелеуде отбасымен қоса педагогтар да маңызды рөл атқарады. Педагог баланы тәрбиелеуде әр түрлі оң әдістерді пайдалана отырып, істелген жұмыстардың нәтижелерін, оқушыларының жеткен жетістіктерін зер салып талдауы қажет.

Жалпы, адамгершілік тәрбие дегеніміз – жеке тұлғаны қалыптастырудың, дамытудың негізгі бағыты. Ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбие беруде әуелі осы адамгершілік қасиеттерді бала бойына сіңіруден бастайды.

Сондай-ақ «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, ата-ананың күн сайынғы атқарып жүрген жұмысы, қоғамдағы іс-әрекеті, бала тәрбиелеудегі көзқарасы жасөспірімнің қалыптасуына әсер етпей қоймайды. Балалардың үлкендер не айтса соны айтқысы, не істесе соны қайталағысы келетіні белгілі. Демек, ересектердің қоғамдағы жағымды әрекеттері мен қасиеттері жасөспірімдер үшін үлгі, тәлім болмақ.

**Жанасыл ЕСЕНАЛИЕВА,**
**№266 мектеп -лицейдің қазақ тілі**
**мен әдебиеті пәні мұғалімі**





# САҒЫНДЫРҒАН «СИҚЫРШЫ»

**Әлемдегі нөмірі бірінші ойын – футбол. Ал сол футбол тарихында «Сиқыршы» деген атаумен танымал аяқ допшыны білмейтін адам кемде-кем. Тіпті, футбол жанкүйері болған әр адамның тым құрығанда оның есімін бір естімеуі неғайбыл?! Біздің айтпағымыз, кезінде католониялық «Барселона» клубының жарық жұлдызы болған бразилиялық – «сиқыршы» Роналдиньо.**




Ол 1980 жылы 21 наурызда Порту-Алегри қаласының Фиу-Гранди-ду-Сул штатында орта шаруа отбасында дүниеге келеді. Анасы Дон Мигуэлина саудагер болып жұмыс жасаған. Ал әкесі Жуан да Силва Морейра «Гремио» футбол клубының тұрағында қарауыл болып қызмет атқарған. Әкесі жергілікті жанкүйерлерден құрылған «Крузейро» командасының сапында ойнайды. Яғни, Роналдиньоның футболға деген қызығушылығын оятып, бағыт-бағдар берген әкесі болатын.

Ол бір естелігінде, кішкентай кезінде күндіз-түні үй көрмей, көшеде доп тепкенін айтады. Қара бала, футбол десе, ішер асын жерге қоятын жанкүйерлердің бәрін өзінің ойнау мәнеріне тәнті еткен. Үлкен футболға аяқ баспас бұрын шағын футболдың добын теуіп жүрген Роналдиньо, небәрі 13 жасында «Белу-Оризонти» клубының сапында жергілікті командаға қарсы ойында 23 гол соғады. Көргендер осынау талантты баланың шеберлігіне таңданыспен қарап, көптеген жаттықтырушы менеджерлер оны үлкен футболға қосқысы келеді. Осылайша, өзін шыңдап өскен ол 1995 жылы «Гримионың» жасөспірімдер клубына қабылданып, 1997 жылы клубпен алғашқы келісімшартына отырады. Бұл оның футбол әлеміне жасаған алғашқы қадамы еді. Бірақ ол кезде оны әлем жұртшылығы танымайтын. 2000 жылы үздік өнер көрсетіп, Бразилиядағы «күміс доптың» иегері атанады. Әр ойын сайын гол соғып, әдемі финттерімен жарқырап жүрген аяқдопшыға осы кезден бастап еуропалық грандтар қызыға бастайды.

2001 жылдың ақпан айында Францияның «Пари Сен-Жермен» клубынан ұсыныс түседі. Өзін одан әрі шыңдауға құмар қара бала келісім береді. Франциялық клубтың сапында өзінің өзге қырларын көрсеткен ойыншы испандық клубтардың көзіне оттай басылады. Әрі 2002 жылы Жапония да өткен әлем чемпионатында Бразилия қарсылас шақ келтірмей жеңімпаз атанған еді. Сол жылы ұлттық құрама сапында чемпион болады. Әрі әлем чемпионатының символдық құрамасына кіреді. Осыдан кейін ойыншы өз еркімен 2003 жылы жазғы трансферлік терезеде аты әлемге әйгілі «Барселона» клубына ауысады. Католондық клуб сапында жұлдызы жарқырай түскен ол айналдырған 3-4 жылда бүкіл футбол жанкүйерлерінің жүрегін жаулаған жұлдызды ойыншыға айналады. Жаттығу алаңына бірінші барып, соңынан қайтатын еңбекқор ойыншы өзінің шебер ойыны арқылы үздік екенін мойындатады. Түрлі дриблинг пен финттерін көрген жанкүйер оны аузының суы құрып тұрып айтатын болған. Осыдан кейін Роналдиньо «сиқыршы» атанып кетеді. 2004 жылы Испания чемпионатының үздік ойыншысы атанып, сол жылы ЕФЕ трофейін (Испания чемпионатындағы үздік оңтүстік америкалық ойыншы) жеңіп алады.

2004-2005 жылдары ФИФА-ның жыл ойыншысы және екі мәрте УЕФА-ның үздік шабуылшысы атағы беріледі. Сол жылы әлемнің ең үздік ойыншысына беретін «Алтын доптың» иегері атанады. 2005 және 2006 жылдары Испания чемпионы, сол екі жылда Испания супер кубогінің де иегері болады. 2006 жылы Еуропаның ең маңызды турнирі саналатын Чемпиондар лигасында бағы үстем болып жеңімпаз атанады. Осы жылдары World Soccer версиясы бойынша жыл ойыншысы, УЕФА-ның клубтық ойыншы дәрежесі беріледі. Карьерасындағы сәтті кезеңдер де Комп Ноудағы стадионында өткен осы жылдар болатын. «Барселонада» маңызды голдар соғып, ұтымды ұтқыр пастар шығарады. Бразилиялық шабуылшы ешкімнің ойына кіріп шықпайтын алаңдағы әрекеттерімен ерекше есте қалып, клуб тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырады.

Роналдиньо 2008 жылы шілдеде испандық клубпен келісімшарт уақыты бітіп, Италиядық «Миланның» су жаңа ойыншысы атанады. 2011 жылы Италия чемпионы болады. Бірақ «Милан» сапында жұлдызды сәттері сөне бастайды. Себебі, ол кезде ойыншының жасы отызға таяған болатын. Көбіне қосалқы құраммен шығып, маңызды ойындарда бой көрсетпейді. Өзінің мансабындағы құлдырау кезеңін бастан өткеріп жатқанын сезген ол 2011 жылы өз Отаны – Бразилияға оралып, еліндегі «Фламенго», «Атлетико Минейро», «Флумененсе» секілді белді клубтарда доп тебеді. Содан соң спортпен қош айтысты. Айта кетейік, Роналдиньо 1999-2013 жылдар аралығында ұлттық құрама сапына шақырылып, 97 ойында 33 рет мергендігімен көзге түскен.

Қазір футбол жанкүйерлері аргентиналық Месси мен португалдық Роналдуды жиі салыстырады. Тіпті, қос ойыншының жанкүйерлері бір-бірін жек көргені сонша тәжікелесіп те жатады. Алайда, мұндай дүние «Сиқыршының» басынан өтпеген. Өйткені, футбол сүйер қауымның барлығы оны ойыны мен жұмсақ мінезі үшін ерекше жақсы көрген. Әрі ол үнемі күліп жүретін, көңілді шабуылшы болған.

Міне, бұл – кезінде әлем жұртшылығының жүрегін жаулаған Рональдиноның футболдағы дара жолы. Бұл ұлы ойыншы тек қазақ балаларының ғана емес, әлемнің көптеген жас футболшыларының кумирі екені талассыз. Мұның барлығы жас буынның осындай ұлы футболшылардың өмір жолынан мотивация алып, келешекте қазақтан да талантты ойыншылар шығатын болар деген сенімнен туған дүние еді.

# «БАПКЕР БОЛУ – БӨЛЕК ӨНЕР»

**Спортта көпжылдық жаттығу мен жүйелі қозғалыстың алар орны ерекше екені анық. Себебі, қиындығы мен қызығы мәндес өнерді бір күнде игеру, бір айда үйрену мүмкін емес. Ал жаттығу бар жерде бапкердің білігі, тәжірибесі басты рөл ойнайтыны аян. Бүгінгі кейіпкеріміз қазалылық бокс бапкері Азамат Құтпанбетовтың да ұстанымы осыған саяды.**

Жас болса да бапкерлік бағытында біршама жетістікке жеткен жас талант Сыр өңірінің абыройын асқақтатып келеді. 1990 жылы Бекарыстан би ауылында дүниеге келген Азамат Сағындықұлы мектеп қабырғасында жүріп қазақша күреспен шұғылданған. Спортқа деген қызығушылық бала кезден бойына дарып, өмірлік жолын да осы саламен байланыстыра білген еді. Нәтижесінде Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетіне оқуға қабылданып, студент кезінде кикбоксингке ден қойды. Талай талантты бапкерден тәлім алған жігерлі жас аталған спорт түрінен республикалық, облыстық жарыстардың жүлдегері атанды. 2010 жылы аталған білім ордасынан дене шынықтыру пәні мамандығын алып шықты.

– Менің ойымша, адам қандай спорт түрімен айналысса да ол оны тек жақсылыққа тәрбиелейді. Бауыржан Момышұлы атамыздың жақсы сөзі бар «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген. Спорт та адамды қатаң тәртіпке тәрбиелейді. Сондықтан спорттың жаманы жоқ. Оны адам жан дүниесімен қалауы керек. Шәкірттеріме де ыңбек пен құлшыныстың шығармайтын биігі жоқ екенін насихаттап, үнемі ізденісте болуын талап етемін, – дейді Азамат Құтпанбетов.

Аға буынның ақыл-кеңесіне құлақ асқан ол жаттықтырушылықтың да қыр-сырын меңгеріп ғана қоймай, әлемге белгілі спортшылар дайындауға бел буады. Сондықтан арман жетегімен туған топырақтағы ауыл мектебінде бапкерлік жұмысқа кірісіп, шәкірт тәрбиелеуге барын салған-ды. Үздіксіз жұмыс істеу, балалардың құлшынысы жемісті қадамға жетелеп, биік белесті бағындыруға ықпал етті. Бүгінде Азаматтың тәрбиесін көрген қыз-жігіттер айтарлықтай жетістікке жетіп, ел намысын асқақтатуда. Әсіресе, гүрзі жұдырықты боксшыларының орны бір төбе. Жадырасын Сәбит, Нұрлыбек Хамит, Ержан Өтеміс және Жаннұр Әділбек сынды шәкірттері бокстан жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатында топ жарғанын айта кеткен жөн секілді. Мұның өзі жас болса да бас болған бапкердің еңбегі.



Бала күнінде көшедегі ойыннан спортты артық көрген Азаматтың бүгінде еткен еңбек, төккен тері ақталып келеді. Шәкірттері біршама белестерді бағындырып үлгерді.

– Бапкер болу – бөлек өнер. Табан ет, маңдай терің ақталып, оқушыларыңның биік белесті бағындырғаны кез келген ұстазды қуантпай қоймасы анық. Спорт мектебіндегі балалардың жұдырықтасу өнеріне деген ынта-пейілі ерекше. Жаттығудан қалмайды. Тапсырманы да тыңғылықты орындап отырады. Осындай жүйелі жұмыс болғанда ғана нәтиже күтуге болады. Алда енді әлемдік аренада ел мерейін үстем ететін азаматтар дайындау ниетіміз бар, – дейді тәжірибелі жаттықтырушы.

Осылайша, республиканы мойындатқан маманға небәрі бірнеше жылда жан-жақтан ұсыныс түсе бастады. 2015 жылы Әйтеке би кентіндегі №17 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне бокс бапкері қызметіне орналасты. Жұмысына жан-тәнімен кіріскен Азамат аз уақытта жоғары нәтижеге қол жеткізе бастады. Мұнда оның Оңталап Ерхан, Мадияр Қалижанұлы секілді жеткіншектері республикалық ашық турнирлерде де атой салды. Бүгінде олардың жыл сайынғы түрлі байрақты додалардағы жеңісі мен жүлделері жұртшылықты қуантып келеді.

**P.S.** ***Спортта бағалана бермейтін таланттың бірі – бапкер. Жеңіске жеткен спортшының бар нәтижесі талапшыл ұстаздың тыңғылықты тәлімінен туатынын ұмытпаған жөн. Оның үстіне мұндай жауапты жұмысты еңсеруге жастардың жұмылуы саланың келешегіне деген сенімді арттырары анық.***

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫЛАР ЖЕҢІС ТӨРІНДЕ



**Жуырда бокстан Дебреценде (Венгрия) өткен халықаралық турнирде қазақстандық 6 спортшы финалға шығып, алтауы да алтын жүлдегер атанды.**

Иштван Бочкаиды еске алу турнирінің финалына шыққан қазақстандық былғары қолғап шеберлерінің барлығы шешуші жекпе-жекте жеңіске жетті.

Теміртас Жүсіпов (48 келіге дейін), Серік Теміржанов (57 келіге дейін), Саматәлі Төлтаев (60 келіге дейін), Дулат Бекбауов (67 келіге дейін), Аятулла Тәкіжанов (75 келіге дейін) және Айбек Оралбай ((92 келіге дейін) байрақты бәсекеде тұғырдың ең биігінен көрінді.

Бұдан бөлек, қазақстандық боксшылардың қоржынында тағы үш қола медаль бар. Олар Дамир Әбдіқадырға (51 келіге дейін), Дәулет Молдашевқа (54 келіге дейін) және Ермахан Жақпековке (71 келіге дейін) тиесілі.

## ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫ-2023: ЖЕРЕБЕ НӘТИЖЕСІ



**Астанада футболдан көптен күткен Қазақстан кубогы-2023 жеребе тарту рәсімі өтті. Нәтижесінде қай команданың кіммен бәсекеге түсетіні нақтыланып, жарыс барысы жүйеленді.**

Сонымен наурыздың 16-31-і аралығында Шымкентте өтетін бастапқы кезеңнің 16 қатысушысы төрт топқа бөлінді. А тобында «Ақжайық» (Орал), «Алтай» (Өскемен), «Жас Қыран» (Алматы), «AKAS» (Алматы) командалары болса, В тобында «Тараз» (Тараз), «Жеңіс» (Астана), «Арыс» (Арыс), «Елімай» (Семей) бар. Ал С тобына «Қыран» (Шымкент), «Оңтүстік Академиясы» (Шымкент), «SD Family» (Астана), «Ұлытау» (Жезқғазған) командалары кірсе, D тобына «Тұран» (Түркістан), «Яссы» (Түркістан), «Хан Тәңірі» (Алматы), «Жетісай» (Жетісай) қосылды.

Бастапқы кезеңнің плей-оффында А тобының жеңімпазы С тобының бірінші командасымен (1/8 финалдың жеребе тарту кезінде 15-команда) кездеседі, ал D квартетінде бірінші орын алған команда В тобының жеңімпазымен (1/8 финалдың жеребе тарту кезінде 16-команда) күш сынасады.

## ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАҒЫ ЖЕТІСТІК



**Спортсүйер қауымның назарына іліккен жеңіл атлетикадан Азия чемпионаты да өз мәресіне жетті. Биыл аталған байқауды өткізу мәртебесі Қазақстанға бұйырып, жарыс Астанада ұйымдастырылған болатын. Байрақты бәсекеде отандық спортшылар сәтті нәтиже көрсетіп, қоржынға 12 медаль салса, оның 6-ауы алтын.**

Жарыстың соңғы күні сырықпен секіру, биіктікке секіру және жүгіру түрлері бойынша медальдар жиынтығы сарапқа салынды. Әсіресе, биіктікке секіру бәсекесінде қазақстандық қыздар ең үздік нәтиже тіркеп, үшеуі бірдей жеңіс тұғырына көтерілді. Яғни Надежда Дубовицкая алтын, ал Кристина Овчинникова мен Елизавета Матвеева, сәйкесінше күміс және қола жүлдегер атанды. Бұған қоса жүгіруден ерлер арасындағы 400 метрлік эстафетада ел намысын қорғаған Андрей Соколов, Эльнор Мухитдинов, Вячеслав Земс және Михаил Литвин төрттігі барлық қарсыласынан оқ бойы озып, бірінші орын алды.

3 күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша ұлттық құрама 6 алтын, 3 күміс және 3 қола жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте 2 орынға тұрақтады.

Бетті дайындаған: Б.ШАҒЫРОВ

# «БІЗДІҢ МІНДЕТ КОФЕ ҰСЫНУ ЕМЕС»

**Адам кітап оқуды қойған күні ойлаудан қалады. Ал ойлауды қойса, дамудан, сапалы өмірден, өркениеттің ең жоғары жетістіктерінен мақұрым қалмақ. Ой мен идея талқыға түсетін «Puzzle coworking center» – қызылордалықтардың сүйікті орны. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-ды IT мамандығы бойынша аяқтаған қызылордалық Батыр Темірханұлының бұл жобасы бұрынғылардан өзгерек. 24 жастағы кейіпкерімізбен бизнес жобасы, алдағы жоспарлары жайында сұқбаттасқан едік.**



**– Коворкинг орталық ашу идеясы қалай келді?**

– Шамамен бір жыл бұрын кірісіп, кофехана ашқан едік. Осыған дейін басқа форматта, яғни, B2G секторы бойынша мемлекеттік жұмыс істейтінмін. Уақыт өте келе B2c секторына өтіп, тұтынушы сұранысын қамтамасыз ететін бизнес бастағым келді. Қызылордада тамақтанатын орын, кафе, клубтар жеткілікті. Киім дүкендері де бар. Меніңше, тұлғалық, интеллектуалдық жағынан дамуға септігін тигізетін жаңа орындар ашылу керек. Осылайша алғашқыда кітап оқуға арналған кофехана ретінде ашылған едік. Бірақ кофеханадан гөрі «co-working» ашқым келген екен. Оны жақында ұқтым. Өйткені ол кезде коворкингтің не екенін, мәнісін түсінбеппін. Білсем, басынан бастап осы форматта ашар едім. Қазір мұнда 5 адам жұмыс істейді. Наурыз айында ашылғанымызға бір жыл толады.

**– Тұрғындар неге сіздерді таңдайды?**

– Басқа кофеханалардан ерекшелігіміз – біздің міндет тек кофе мен тәтті ұсыну емес, білім ұсыну, мидың дамуына, рухани демалуға жағдай жасау. Яғни, қызылордалықтардың қарым-қатынасын нығайтуға себепші болсақ дейміз. Мұнда апта сайын ашық түрде бизнес-кездесу, семинарлар, тренингтер өткізіледі. Қазір кофехана деп танитындар аз. Коворкинг орталық ретінде танылып келеміз. Сондықтан өзге кофеханалармен салыстырып, оларға бәсекелес ретінде қараудың қажеті жоқ.

Бізде үстел ойындарының түр-түрі бар. Монополия, мафия, шахмат ойнауға келетін клиенттер қатары көп. Тимбилдингке қатысты топтық дамытушы ойындар да жеткілікті. Семинар өткізуге ыңғайлы болу үшін проектр орнаттық, арнайы тақталар әкелдік. Сонымен қатар жоғары жылдамдықтағы интернет жүйесі қосылған. Негізі «антикафе» бағыты – коворкингтің бір тармағы. Коворкингте білім беру жағы көбірек қолға алынса, антикафеде көңіл көтеру мен білім қатар жүреді. Бізде де коворкинг ретінде білім жағына маңыз берілгенмен, антикафенің де қажетті тұстарын алдық. Мысалы, үстел ойындары миды дамытуға да әсер етеді, жағымды көңіл-күй де сыйлайды.

Біздің тұрақты келушілер – 20-30 жас аралығындағы қызылордалықтар. Жасқа ешқандай шектеу жоқ. Кейде 10 жастағы балалар да келеді. Мәселен, бізге күнара келіп тұратын мұғалім бар. Өзімен бірге сыныбындағы оқушыларын ертіп әкеліп, білім береді. Сол секілді үлкен кісілер де қонақ болады. Олар көбіне бизнес жобаны талқылауға, маңызды іскерлік кездесу жасауға бізді таңдайды. Осыған орай тұрақты келушілер арасында сауалнама жүргізген болатынбыз. «Неге бізді таңдадыңыз?» деген сұраққа көбісі «Басқа кофеханаларға қарағанда тыныш.



Жайлылық бар» деп жауап берді. Демек, қонақтар үшін үстел ойындары мен кофеден де маңызды дүние – жайлылық.

**– «Кино time» форматында ашық отырыс өткізілді. Тағы қандай жобалар бар?**

– Кешегі аптада белсенді жас Талғат Меңдібаевтың бастамасымен «Кино time» форматында ашық отырыс өтті. Яғни, барлық адамға кіру тегін. Проектр арқылы ағылшынша кино қосылып, орысша субтитрлар ұсынылды. Көрермендер туындыны толық қарап біткен соң өзіндік әсерімен бөлісіп, режиссердің айтқысы келген ойын талқыға салды. Дәл осылай әр апта сайын өзгеше бағыттағы бір шара ұйымдастыруды қолға алдық. Мысалы, бір аптада кітапқұмарлардың отырысы болса, келесіде қандай да бір жобаның талқылауы өтеді. Менің тарапымнан осындай бағыттағы шараларды бізде өткізуге ұсыныс тасталады. Әр сенбі не жексенбіде тегін семинар не вебинар өткізуге болады. Алайда жиындар міндетті түрде ашық болу қажет. Бастысы – қызылордалықтардың дамуына, білімін жетілдіруіне мүмкіндік жасау.

Жабық форматта да өткізуге болады. Бірақ ол ақылы түрде, келісім арқылы ұйымдастырылады. Алдағы уақытта жоспар көп. Негізгі мақсат – осы жобаны кеңейту, үлкен коворкинг орталығына айналдыру.

Сол арқылы франшизамен айналысып, Қазақстанның басқа да қалаларына коворкинг орталықтарын ашсам деймін.

**– Ісіңізге сәттілік!**

**Дина БӨКЕБАЙ**

# AIAULYM: «ӘЛЕМДІ БІРГЕ ӘДЕМІ ЕТЕЙІК»

**Қазіргі қоғам қыз-келіншектердің заман ағымына сай болуын талап етеді. Олар бұрынғыдай тек үй шаруасымен ғана шектелмей, өз қызығушылықтарына, дамуына мән бергенін қалайды. Бір мезетте әдемілік пен даналықты ұштастыра отырып, білім алу, бала тәрбиелеу, кәсіп бастау, тіл үйрену қатаң талап болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл таңдау әрбір аяулы жанның тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді. Жуырда қала орталығында «Aiaulym» қыз-келіншектерге арналған клубы осы мақсаттарды біріктіре отырып, жұмысын бастады.**

Әлемге ортақ заңдылық бойынша қоғам әйел баласынан көп нәрсе күтеді. Ол − мейірім, әдемілік, даналық. Осы қасиеттің бәрі олардың жаратылысында бар, олардың қолынан бәрі келеді десек те, нәзікжандылар қашанда айналасынан қолдау күтеді. Ал кез келген адам үшін қолдау өз-өзіне деген жанашырлықтан басталу керек. Үлкен мақсаттар мен міндеттерді біріктірген «Aiaulym» қыз-келіншектерге арналған клубының мотивация мен дамудың орталығына айналуы да осының дәлелі. Жайлылық пен жағымды атмосфераны қамтыған бұл ортада әр адам өзіне тұлға ретінде сеніммен, махаббатпен қарауға үйренеді. Тек ақыл айтып қана қоймайтын клубта трендтегі түрлі бағыттар қамтылған. Бұл жайында «Aiaulym» клубының директоры Жұлдызай Есахаева кеңірек айтып берді.

− «Aiaulym» әйелдер клубы – махаббат, мотивация, қолдау және даму орны. Бұл ауқымды жобада бірнеше клубтар қарастырылған, солардың бірі – кітап клубы. Мұнда кітап оқуды жаны сүйетін, әрдайым ақылына азық іздеп, оқыған кітабын талқылайтын ортаны қалайтын жандар жиналады. Одан бөлек, орталықта арт-клуб өз жұмысын бастады. Сурет салу арқылы әрбір қыз-келіншек ішкі әлемін бейнелей алады, яғни олардың әлемге деген көзқарасы, қызығушылығы, көңіл-күйі мен эмоциялары қағазға түседі. Бұл – әсемдікті жаны сүйетін арулар үшін керемет сәт. Тағы бір тиімді жоба – қыздардың бір-бірімен тәжірибе алмасып, кері байланыс беретін алаңына айналған бизнес клуб. Бәріміз үшін бизнес бастағанда ең алдымен сауаттылық қажет екені белгілі. Осы мақсатта орталық қаладағы табысты әрі тәжірибелі кәсіпкерлермен бірге шеберлік сағатын өткізуді қолға алды. Әрі клубта белсенді кәсіпкер әйелдермен бірге бизнес таңғы ас ұйымдастыру жолға қойылған. Сондай-ақ әйел адам үшін ең басты құндылық отбасы, бала тәрбиесі екені белгілі. Бұл тақырыпты жан-жақты зерделеп, отбасы гармониясын қалыптастырып, бақытты бала тәрбиелеу үшін «Mom's club» қызмет көрсетеді. Одан бөлек орталықта фитнес, тимбилдинг, ораторлық шеберлік сағаты, коворкинг те қамтылған, − дейді Ж.Елібайқызы.

Әрбір отбасының берекесі мен шуағына айналған әйелдер үшін «Aiaulym» клубының орны ерекше. Себебі әйел адамның көңіл-күйі көтеріңкі, жан дүниесі таза, қуанышқа толы болса ғана айналасына жақсы қуат тарата алады.

Айта кетейік, клуб келушілерге қолжетімді бағада, апта бойы қызмет көрсетеді. Бүгінде орталыққа келушілердің қарасы қалың. Арулардың әр күнін махаббат пен мейірімге, мереке мен биік мақсаттарға айналдыруды әдетке айналдырған «Aiaulym» клубының нәзікжандыларға қуаныш сыйлайтынына сенім мол.

**Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ**








# ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

**(16 – 23 ақпан)**




**Тоқты**

Бұл аптада сізге демалуға уақыт жетпейді. Бизнесте қаржылық шығынға ұшырауыңыз мүмкін. Өйткені сізге заттың істен шығуы немесе күтпеген жерден орын алған келеңсіз жағдайды түзету қажет болады. Өндірістің барысы біркелкі жағдайды, бірде кәсібіңіз тұрып қалса, бірде келген адамдардың ығына төтеп бере алмай қаласыз. Бәрін уақыттың еншісіне қалдырған дұрыс. Жұлдыздар сізге жаңа жұмысқа ауысуға, үй алып немесе баспанаңызға жөндеу жұмыстарын жасауға кеңес бермейді.

**Торпақ**

Аптада бірігіп істеген жобалар алға қарай жылжып, қаржылай табыс әкеледі. Түрлі жағдайға байланысты адамдармен көп араласасыз. Бұл аптаны жалғыздықта өткізбеген дұрыс. Шығармашылық қабілетіңізді көрсетуден тартынбаңыз. Егер біреумен көңіл жарастыруды ойлап жүрсеңіз, апта сіз үшін таптырмас уақыт.

**Егіз**

Жылдам шешім қабылдаудан сақ болған жөн. Бұл уақытта керісінше, маңызды дүниелерді жақындармен талқылап, ақпаратты тексеріп, барынша мұқияттылық танытуы керек. Жұмыстың жемісін күтуіңізге тура келеді, ал нәтиженің көрінуі сіздің еңбекқорлығыңыз бен қабілетіңізге байланысты болмақ. Байыпты, байсалды істерге бет бұрыңыз. Аптада әр істің тереңіне жетіп, жұмысыңызды басқа қырынан танисыз. Басшылықпен және әріптестермен қарым-қатынаста эмоцияға берілмеңіз, өйткені олардың тарапынан түсінбеушіліктің орын алуы ғажап емес.

**Шаян**

Қабілетіңізді көрсету үшін апта таптырмас уақыт. Соның арқасында шығармашылық белестерге жетесіз. Жомарттығыңыз бен өмір сүруге деген құштарлығыңыз айналаңыздағыларға қуат беріп, жағымды эмоция сыйлайды. Ең ауыр мәселенің шешімі тез табылады. Өзіңіз мақсат еткен нәтижеге жетіп, барлығының назары сізге ауады.

**Арыстан**

Аптаның бірінші жартысында шығармашылық және іскерлік белсенділік таныту қолайлы болмақ. Өз көзқарасыңызды дәлелдеп, өмірлік ұстанымыңызды бекітуге мүмкіндік туады. Балаларыңызбен, жақын туыстарыңызбен қарым-қатынасыңыз жанданады. Алайда аптаның ортасында жұмысыңызда біраз қиындықтар орын алады. Әріптестеріңіздің наразылығына кезігуіңіз мүмкін.

**Бикеш**

«Қысқа әрі нұсқа» ұстанымы жетістік сыйлайтын негізгі қағида болады. Ең қиын деген сұрақтың шешімін табатын мүмкіндікке ие боласыз. Жұмыс кестесіне мән берген жөн, әйтпесе, біраз қиындықтар туындайды. Сондықтан ұсақ-түйек пен ұқыптылық жайлы ұмытпаңыз. Іскерлік әңгімелесу барысында тақырып аясынан ауытқымаған дұрыс, бұдан бөлек, арақашықтық пен белгілі бір ережені ескеріңіз. Осы аптада мансабыңыз, беделіңіз, кәсіби және әлеуметтік жетістігіңіз жайлы ойланып, ой түйетін сәт туады.

**Таразы**

Ақпан – кәсіби біліктілігіңізді арттыратын түрлі курстардан өтуге таптырмас кез. Өзіңіз кезігетін барлық ақпаратты сараланыз, себебі алдағы уақытта бұл мәліметтер сізге пайдалы әрі қажет болады. Кішкентай қателік үлкен мәселеге айнаулы мүмкін, сондықтан осы апта мұқият болыңыз. Мақсатыңызға жету үшін жұмыста белсенділік, кәсіби жауапкершілігіңізді барынша көрсетіңіз. Кәсіби мақсатта жиі әңгімелесесіз. Осы кезең алдағы жоспарларыңыз бен өмірлік мақсаттарыңыз жайлы ойлану үшін жақсы уақыт болады.

**Сарышаян**

Апта сіз үшін демалыс пен саяхаттауға келмейді: жұмысыңыз көбейіп, бұған дейінгі жобаларды түзетуге тура келеді. Ал ісіңізде белсенділік танытпасаңыз, тіпті, жұмыстан шығып қалуыңыз да ғажап емес. Сапарларыңыз тек жұмыс бабымен болған дұрыс. Кәсіби біліктілігіңізді көрсетуге және түрлі іскерлік курстардан өтуге мүмкіндік туады. Серіктестеріңізге арқа сүйемегеніңіз жөн, өйткені олар сіздің үмітіңізді ақтамауы мүмкін.

**Мерген**

Жаңа мамандыққа ауысуға, кәсібіңізге өндіріс деңгейін арттыру үшін өзгеше серпін сыйлауға қолайлы уақыт. Бұған қоса келіссөздер, ақпаратпен жұмыс істеуге, оқуға және сапар шегуге қолайлы жағдай туады. Жұмыста орын алған кез келген мәселені түйсігіңіз арқылы шеше аласыз. Маңызды құжаттарға қол қою үшін, келісімшарттар жасау үшін осы уақытты пайдалансаңыз болады. Дене шынықтыру мен физикалық қозғалысты талап ететін еңбектен өзіңізді аулақ ұстаңыз: бет, бас, омыртқа жарақатын алу және жүрегіңізге ауыртпалық түсіру қаупі бар.

**Тауешкі**

Апта сіз үшін ойыңызды мазалаған сұрақтардың жауабын табуға және интеллектуалды жұмысқа арналған. Сіз басшылықпен, тіпті, билік өкілдерімен келісімге келіп, жобаларыңызды іске асырып, позицияңызды көрсете аласыз. Осы уақытта түйгеніңіз көпке дейін есіңізде сақталып, пайдаңызға жарайды.

**Суқұйғыш**

Іскерлік байланыс артып, бұрын кездеспеген адамдармен танысасыз, өз кезегінде жаңа танысулар сіздің кәсіби мансабыңызға әсер етеді. Құжаттармен жұмыс шаршатады, бірақ ақыры сәтті аяқталады. Бір айта кетерлігі, өзіңіздің әлсіз тұстарыңызға көз жұмып, басқаларының өзіңіз туралы ойын естуге құштар боласыз. Дегенмен жұлдыздар осы тұста абай болуға кеңес береді. Өзіңізді көп мақтай беруге болмайды. Егер сабырлық танытсаңыз, ісіңіз өрге домалап, тіпті, басшылықтың ризалығын ала аласыз.

**Балықтар**

Өзіңізді дамытуға, белсенділік танытуға қолайлы кезең. Сіздің қолыңыздан бәрі келіп, бірқатар артықшылықтарға ие боласыз. Дегенмен бұл жағдай айналаңыздағылардың қызғанышын тудыруы мүмкін. Беделіңіз өседі, дегенмен пікірлердің келіспеушілігі орын алып, басқаларымен қарым-қатынасыңыз қиындай түседі. Ресми органдармен сөз таластырмаңыз.

Кезекші редактор: Д.БӨКЕБАЙ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6846
Тапсырыс: 267